


ББК
84к.23
б188

БҮРКІТ ЫСҚАҚОВ


Әлімнің әлегі



БҮРКІТ ЫСҚАҚОВ

Әлімнің әлегі

*Мектеп сахнасына лайықталған
бір актілі пьесалар
мен ән-өлеңдер*



Алматы «Өнер» 1987

Ысқақов Бүркіт.

Ы 88 Әлімнің әлегі: Мектеп сахнасына лайықталған бір актілі пьесалар мен ән-өлеңдер. — Алматы: Өнер, 1987. — 120 бет.

Автордың жаңа жинағына кезінде баспасөз беттерінде жарық көріп, оқырман тарапынан жылы баға алған бір актілі пьесалары еніп отыр. Тәрбиелік, өнегелік мәні мол, қызғылықты бұл пьесалардың желісі түгелдей мектеп оқушылары өмірінен алынған. Екінші бөлімге мектептерде өтетін мерекелік жиындар мен тақырыптық кештерде орындауға арналған ән-өлеңдері жинақталған.

И $\frac{4803000000-81}{409(05)87}$ 8-87

83.8

© «Өнер» баспасы, 1987

Карагандинская
областная библиотека
им. Н. В. Гоголя

КӨҢІЛДІ КЕШ

**Шақпағым менің,
шақпағым**

Қатынасұшылар:

Хорлан

Бибігүл

— 5—6-класс оқушылары.

Самат

Көбелек

Сахнаның төрінде шыршалар мен бұталар. Әр жерде үш-төрт томар (кесілген ағаш түбі) тұр. Оның тасасында жауқазындар (немесе, бәйшешектер, қызғалдақтар) отырғызылған. Шыршалардың түбінде аздаған макталар (қағаздар) жатыр. Бұл — әлі ери қоймаған қардың ізі. Сахнада — ерте түскен көктем. Шымылдық ашылғанда, сахнада Хорлан ғана болады. Ол томардың тасасында өсіп тұрған жауқазынды көре салып, қуанышынан күліп жібереді.

Хорлан (*сыртқа, дауыстан*). Самат, Бибігүл! Тезірек келіндер! Мұнда жауқазындар қаптап тұр!

Сахнаға жүгіріп Бибігүл мен Самат шығады.

Бибігүл (*жауқазындарды көріп, мазайрап*). Қандай әдемі! Неткен көркем! (*Бір жауқазынды жұлмақ болып қолын созады.*)

Хорлан (*қолын тартып*). Жұлма! «Көкті жұлға болмайды», — деген менің әжем.

Самат. Ал, жазда бұл жер бұдан да әдемі болады. Құстар сайрап тұрады, көбелектер ұшып жүреді. Мен бұл жерге жолдаста-

рыммен келгенмін. Шомылғанбыз, күнге қыздырылғанбыз! Өте тамаша болып еді.

Хорлан. Келер жолы өзіңмен бірге бізді де ала келесің бе?

Самат. Әрине, ала келемін. Ал бұл жердің көбелектері қандай көркем, қандай тамаша десеңші! Тоты құс тәрізді, түрленеді де тұрады.

Бибігүл. Гербарий жинайсың ба?

Самат (селсоқ). Иә, бастап қойғам...

Хорлан. Зоология үйірмесі үшін бе?

Самат. Жоқ, өзім үшін.

Бибігүл (таңданып). Тек бір өзің үшін ғана ма?

Самат. Несі бар?

Хорлан (көңілсіз). Әншейін... Жай айтам...

Бибігүл. Біз жинаған гербарийлерімізді мектепке апарып бергенбіз.

Самат. Сендер бүкіл класс болып жинадыңдар. Ал мен болсам — жалғыз өзім жинадым.

Хорлан. Жалғыз өзің жүріп, қалай ішін пысып кетпеді?

Бибігүл (Саматқа). Сенің мұрныңның ұшына жара шығыпты...

Самат. Мен жөнінде сендердің не ойлайтындарыңды білемін. Сендер мені өзімшіл деп ойлайсыңдар, тіпті де олай емес. Мектеп учаскесінде жұмыс істеймін. Басқалардан артық болмаса, кем істеп жүрген жоқпын. Класс үшін сол да жетеді. Ал мына өзімнің жеке жүріп жинағандарым — өзімдікі. Оған ешкімнің де таласы жоқ.

Бибігүл. Жалғыз жүріп гербарий жинамақ түгіл, жалғыз адамның көбелекті кө-

ріп, қызықтауының өзі ішті пыстыратын шығар.

Самат (мұрнының астынан күңк етіп). Бұл — менің өзімнің қара басымның ісі. Онда басқалардың жұмысы болмауға тиіс.

Хорлан (әңгіменің бетін басқа жаққа аударып). Жауқазындар қандай әдемі!

Бибігүл (қуанышымен). Міне, тағы да бір жауқазын!..

Хорлан. Әкем айтып еді: «Осы түбекке бара қалсаңдар, өте сақ болыңдар», — деп, өйткені қар еріп, су жүріп кетсе, түбектің мойнағын су басып кетеді.

Самат. Географияны жақсы білетінің көрініп тұр. Ылғи бес алатын шығарсың. Қорықпа, су басып кетпейді, оған әлі ертерек. (Хорлан мен Бибігүл жауқазын іздеп жерге үңіле-үңіле, сахнадан шығады). Жазды жаным барынша жақсы көреді. Менің коллекциямда жиырма сегіз көбелек бар. Сәті түссе, оның санын жүзге жеткіземін. Мұндай көбелектер ешкімде жоқ. (Осы кезде сахнаға ала қанат көбелек болып 10—12 жасар ұл бала немесе қыз бала ұшып келеді. Оның екі қолына екі қанат байланған, ал басына түрлі түсті гүлдері, дөңгелек шарлары бар бас киім киген. Самат көбелекті ұстамақ болып тұра ұмтылады да, оның қанатынан ұстай алады, таңданып.) Қандай көркем көбелек! Ерте ұшқаны несі?

Көбелек (тіл бітіп). Мен саған не үшін керекпін, балақай?

Самат (сасып қалып). Коллекция үшін...

Көбелек (жалынып). Мені босатып жібер, балақай! Мен еркіндікте өмір сүргенді жақсы көремін...

С а м а т (*көпшілікке қарап, таңданып басын шайқайды*). Осы мен түс көріп тұрған жоқпын ба?

К ө б е л е к. Жоқ, сен ояусың.

С а м а т. Сен қалай сөйлеп тұрсың?

К ө б е л е к. Мен жай көбелек емеспін, ерекше жаралған сиқырлы көбелекпін.

С а м а т (*таңданып*). Мұндай да көбелек болады екен-ау!

К ө б е л е к. Болғаны ғой. Мен ертегілер елінен келіп тұрмын...

С а м а т (*әлі де сенбей*). Ғажап! Өз көзіме өзім сенбей тұрмын.

К ө б е л е к (*еркінсіп*). Сенбейтін түгі де жоқ. Пушкиннің алтын балығы, Абайдың қызыл алмасы — бәрі де, тіпті Мыстан кемпір мен Алдар Көсе де ертегілер елінен келмеп пе еді?

С а м а т. Өз көзіммен көрмесем, ешқашан сенбес едім.

К ө б е л е к. Көп сөзді қой, балақай! Одан да мені босатып жібер. Жер бетіндегі ең қымбат нәрсе не? Білесің бе?

С а м а т. Қымбат нәрселер аз дейсің бе?

К ө б е л е к. Қымбат нәрселер көп қой. Бірақ мен үшін ең қымбаттысы — еркіндік. Ал сен үшін ше?

С а м а т. Достық!

К ө б е л е к. Егер сен мені босатып жіберсең, екеуіміз дос боламыз. Мен саған сиқырлы шақпақ тас сыйлаймын. Алғың келе ме? Мә, ал! Ол менің басымда тұр. (*Самат көбелектің басында, гүлдердің арасында сыммен ұстатып, бекітіп қойған кішкене тасты алады. Ол оны көрермендерге білдірмей, оң қалтасына тығып жібереді де, одан алдын ала дайындап, тығып*

қойған қалта шамын шығарады.) Бәлкім, сенің тәтті тағамға зауқың соғар. Сонда сен колыңа шақпақ тасты аласың да, тілеген нәрсеңді оған сыбырлап: «Шақпағым менің, шақпағым, керектің маған тап бәрін...» — дейсің. Сонда сен өз қалағаныңды сол қалтаның ішінен тауып аласың. Ал бір жаққа ұшып барғың келсе, ұшып бара да аласың.

С а м а т (*таңданып*). Осындай кішкене тастың бойында керемет күш жатқаны ма?

К ө б е л е к. Сенбейсің бе? Онда өзің сынап көр! Тілегіңді айт!

С а м а т (*сенбей*). Не тілеуші едім мен? Мәселен, кәмпит делік.

К ө б е л е к. Қалтаңды кара! Ішінде түк жоқ қой?

С а м а т (*қалтасын қарап*). Ештеңе де жоқ.

К ө б е л е к. Менің айтқанымды қайталап айт та тұр.

С а м а т (*тағы да сенбей*). Менің кәмпит жегім келеді. «Шақпағым менің, шақпағым, керектің маған тап бәрін». (*Қолындағы қалта шамы жарқ етеді де, сөне қалады. Бұған таңданып, одан бір уыс кәмпит алады. Самат қуанып кетіп.*) Демек, не тілесем — сол орындалады ғой? Ғажап! Мен ертегілер тек кітаптарда ғана кездеседі деп ойлаушы едім.

К ө б е л е к. Сен тек ертегімен кездесе алмай жүргенсің ғой. Бұл шапшақ тас саған тек қана қуаныш, шаттық әкелетін болады. Екеуіміз дос болдық. Енді маған бостандық бер!..

С а м а т (*Көбелекке*). Енді басың бос! Самғай бер жөңіңе!

К ө б е л е к *(сахнадан шығып бара жатып)*. Токтай тұр. Мен саған бір нәрсені ескертуді ұмытып бара жатыр екенмін. Есінде болсын: бұл шақпақ тас тек сенің ғана тілегінді орындайды. Оны сенен басқа адам баласы білмеуге тиіс.

С а м а т *(түнеріп кетін)*. Демек, мен мына кәмпитті ана жүрген қыздарға да сыйлай алмайды екенмін ғой? Солай ма?

К ө б е л е к. Иә, солай! Сыйлай алмайсың. Рас, егер сен жолдастарыңа бірдеңе сыйлағың келсе немесе олармен бір жерге барғың келсе, шақпақ тас бір жолғы сенің тілегінді орындайды, бірақ бұдан кейін ол сиқырлы қасиетінен айрылып, жабайы, қарапайым тасқа айналады. Ол тек өзің үшін пайдаланғанда ғана сиқырлы. Ал басқаларға оның сиқырлығы жүрмейді.

С а м а т *(қамығып)*. Бұл дұрыс болмады...

К ө б е л е к *(қоштасып)*. Менің сөзімді ұмытпа, балақай! Қош бол! Ол тас саған ғана қуаныш әкеледі. *(Қанаттарын қағып, сахнадан шығады.)*

С а м а т. Қош бол, ғажайып көбелек! *(Ауыр күрсініп.)* Қуанышты басқалармен бөлісуге болмағаны — өкінішті-ақ! Мыналар жаксы қыздар. Бірақ солай екен деп, бұл ғажайып тастан айрылып қалуыма болмайды ғой. Барлығымызға бірдей қызмет істей алмайтын болса, онда өзіме ғана қызмет етсін. *(Сүйсініп.)* Таңғажайып, тамаша шақпақ тасым! Егер менің жеміс жегім келсе — қайтер еді... Естіп тұрсың ба, шақпағым? Менің алма жегім келеді. «Шақпағым менің, шақпағым, керектің маған тап бәрін». *(Саматтың қолындағы қалта шамы тағы да жарқ ете қалады,*

қалтасына қолын салып жіберіп, одан алма суырып алады.) Міне, тамаша! Дәл ертегінің өзіндей!..

Сырттан адамдардың дабыры, балалардың дауыстары естіледі. Самат саскалақтап қолындағы алма мен кәмпитті бұтаның түбіне тастай салады, ал қалта шамының жақ қалтасына тығады. Хорлан мен Бибігүл сырттан жүгіріп кіреді, олар өте үрейлі, қабақтары түсіп кеткен.

Х о р л а н *(үрейленіп)*. Су жүріп кетіпті. Жолды басып қалыпты.

Б и б і г ү л. Біз аралда, судың ортасында қалып қойдық!

С а м а т *(сабырлы)*. Ештеңе етпес, бір нәрсе ойлап табармыз.

Х о р л а н. Қайық жоқ. Айқайласаң дауың жетпейді. Ауыл алыста. Енді қайттік?

Б и б і г ү л. Біздің мұнда екенімізді ешкім білмейді...

Х о р л а н. Менің әкем білетін-ді, бірақ ол қалаға кетіп қалып еді.

Б и б і г ү л *(жыламсырап)*. Енді шыға алмаймыз. Су ортасында қалды деген осы!..

С а м а т *(теріс қарап)*. Егер олар менің қалтамда не бар екенін білсе ғой... Көрсетуге болмайтыны — өкінішті-ақ! Мен оларды арғы бетке ұшырып алып барар едім. Бірақ осындай ұсак-түйекке бола, сиқырлы тастан айрылып қалуға болмайды ғой.

Х о р л а н. Сен өзіңнен-өзің күбірлеп, не деп тұрсың, Самат? Бір нәрсе істеу керек қой! Ұлсың ғой! Бірдеңе ойлап тапсаншы!..

С а м а т *(сасып қалып)*. Қазір, қазір! *(Жүгіріп сахнаның бір шетіне шығады, көзін қолымен көлеңкелеп, алысқа қарайды.)* Рас, су басып кетіпті. Одан кешіп өтуге болмайды. Жүзіп өту де мүмкін емес, су — өте ызғарлы,

суық, ауырып қалуымыз ғажап емес. *(Қыздар сасқалақтай бастайды, тек Самат қана сенімді.)* Сал жасап аламыз!

Б и б і г ү л *(үмітсізденіп)*. Оны неден жасамақсың?

С а м а т *(көтеріңкі леппен)*. Әрине, ағаштан!

Х о р л а н. Сал жасайтын балтаң бар ма?

С а м а т *(ерсілі-қарсылы жүреді, ойланады)*. Мұндай жағдайға тап бола қалса, Рабинзон не істер еді?

Б и б і г ү л Біз бұл жерде аштан. өлеміз. *(Жылайды.)*

С а м а т *(байқамай қалтасына қолын салып жібереді)*. Қандай аштықты айтып отырсың өзің? Егер мен бірдеңе ойлап тапсам... *(Осы арда Көбелектің сөзі есіне түсіп кетеді де, бірден тына қалады.)*

Х о р л а н. Сөзіңді неге жұтып қойдың? Айтсаңшы тапқаныңды...

С а м а т *(сөзді басқа жаққа бұрып жіберіп)*. Қайдағы аштық? Оның аулы — әзірше алыс. Азар болса, балық аулап жерміз.

Х о р л а н. Сен де жоқты айтады екенсің! Осындай тасып жатқан ағынды суда балық болушы ма еді? Ал болған күннің өзінде, оларды аулайтын қармағың, құратын ауың қайда?

С а м а т *(мойындап)*. Солай екен ғой. *(Қатты ойланып.)* Енді қайттік? Не істейміз? *(Теріс қарап.)* Рас, менің өзімшіл, жаман адам болғаным ба? Жоқ, олай болуға тиіс емес.

Б и б і г ү л. Бәріміз бірігіп, қатты айқайлайық!

С а м а т. Сендер айқайламай-ақ қойыңдар. Мен өзім-ақ айқайлаймын. Мен — ер баламын ғой. Сендерден гөрі даусым зор. *(Бар даусымен айқай салады.)* А-а-ау! *(Құлағын салып тыңдайды.)* Жоқ, даусымыз жетпейді. Ауыл тым алыс. *(Тағы да ерсілі-қарсылы жүреді.)* Не ойлап тапсам екен? *(Қабағын түйіп, бетін тыжырайтып, сол қолымен жағын ұстайды.)* Не істеу керек? Қандай ыңғайсыз тас еді?.. Мен үшін жұмыс істейді, ал басқалар үшін аяғын баспайды... *(Ойланып.)* Әлде менің өзім сондаймын ба? «Өзіме дегенде — өгіз қара күшім бар, өзгеге дегенде — оларменен не ісім бар» дейтін мақалды жиі айтатын осы мен емес пе едім? Коллекция өзім үшін, гербарий де өзім үшін, енді, міне, сиқыр тас та тек мен үшін ғана жұмыс істеп тұр. *(Ойланып.)* Мақалды өткен дәуірден қалған, ескірген мақал делік, ал мына сиқыр тас ше? Бұл да ескі ертегілер елінен келдім деп тұрған жоқ па? Демек, ол да ескірген, көне түсінік. *(Кеудесін нұсқап.)* Ал, мен ше? Мен осы жаңа заманда туып, жаңа заманда өстім емес пе? Әке-шешем де, мұғалімдерім де, жора-жолдастарым да — бәрі де осы, жаңа заманның адамдары. Сонда менің санамда, ісімде ескінің сарқыншағы қайдан жүр? Неге өзімшілмін? Жолдастарыма неге көмектескім келмейді, оларды мына бастарына түскен қиындықтан неге құтқарып алмаймын? Сонда мен жаман адам, жаман жолдас болғаным ба? *(Өз ойынан өзі шошып кетіп.)* Жоқ, жоқ, мен жаман адам емеспін, менің жаман адам болғым келмейді. *(Қиналып.)* Ай, Көбелек-ай, бір сиқыр тас берем деп, сау басымды саудаға салып қойдың ғой... Қайтсем екен?..

Хорлан. Қарным ашты. Тамақ ішкім келеді.

Бибігүл *(қиялдап)*. Май жағылған нан болса, мен де жер едім...

Самат *(өзіне-өзі)*. Қыздарды да аяймын, сиқыр тасты да қимаймын.

Бибігүл. Тіпті майсыз-ақ жей берер едім.

Самат. Мұндай тас енді қайтып қолға түспейді. Оны мен жақсы білемін... *(Қиналып.)* Хорлан, Бибігүл, түсініңдерші мені!.. Ол екі айналып келмейді.

Бибігүл *(түсінбей, Саматқа)*. Өзің не деп тұрсың?

Самат *(көзіне жас келіп)*. Жок, мен жаман адам емеспін. Менің жаман адам болғым келмейді.

Хорлан *(түсінбей, жай ғана)*. Біз сені кінәлап отырған жоқпыз, Самат! Судың қалай тасып, қалай көтеріліп кеткенін біз де байқамай қалдық. *(Жұбатып.)* Бұған жалғыз сен кінәлы емессің...

Самат. Жок, мен кінәлымын... Менің қолымнан келіп тұр ғой!..

Хорлан *(тағы да түсінбей)*. Қазір не істей аласың? Өзіңді-өзің босқа қинама! *(Сахнаның сыртына жалт қарап.)* Су бетінде бірдене жалт ете түсті... Бәлкім, балықшылар болар... Барып көрейікші.

Хорлан мен Бибігүл шығып кетеді. Сахнаға Көбелек ұшып келеді.

Самат *(Көбелекке ренжіп)*. Сен маған мұндай ыңғайсыз тасты несіне бердің? Не істерімді білмей, әбден басым қатты. Сен маған мына тас қуаныш, шаттық әкеледі деп едің

ғой. Сол қуаныштың, шаттығың қайда? Шаттық былай тұрсын, әбден шатасып біттім...

Көбелек. Дүние жүзінде ең қымбатты нәрсе не деп едік? Сол сенің есінде ме?

Самат. Иә есімде. Азаттық дегенбіз.

Көбелек. Тағы не деп едік?

Самат *(ойланып)*. Достық дегенбіз.

Көбелек. Ал, достықсыз шаттық жоқ. Мұны әбден біліп қой. *(Ұшып кетеді.)*

Бибігүл аяғы ауырып қалған адамша, ақсандап, сахнаға шығады, Хорлан оны қолтықтап кіреді.

Хорлан *(Саматқа)*. Бибігүл тобығын шығарып алды...

Бибігүл *(кемсеңдеп)*. Сындырып та алған шығармын. Ой, ой, ауырып барады. *(Жылайды.)*

Бибігүлге көмекке Самат та ұмтылады. Хорлан екеуі сүйемелдеп, Бибігүлді бір томардың үстіне отырғызады.

Хорлан. Бір кезде мен де тобығымды шығарып алғанмын. Егер тезірек дәрігерге көрсетпесе, таң атқанша ол аяқ қаптай болып ісіп кетеді... Шіркін-ай, біреулер кездесіп қалып, біздерді мына аралдан ертерек алып кетсе ғой...

Бибігүл *(үрейленіп)*. Кеш батып бара жатыр. Ал мен қараңғылықтан қатты қорқам...

Хорлан *(жұбатып)*. Шыдай тұр. Бір реті болар.

Самат *(қиналып)*. Жок, бұдан артыққа шыдамым жетпейді. *(Өзіне-өзі.)* Жетер енді! *(Көзін сүртеді.)*

Бибігүл (*Саматқа*). Сен, не? Жылап тұрсың ба? Мен сені қатыгез деп ойлаушы едім.

Самат (*өзіне-өзі ызаланып*). Мен жөнінде қалай ойласандар, солай ойлаңдар. Не десендер, о дендер! Мен одан ұялмаймын. (*Көпшілікке қарап*.) Осы жорық кезінде менің түсінгенім мынау: Басқалармен бөлісуге болмайтын қуаныш-қуаныш емес. Адамға қуаныш, шаттық әкелетін достық пен бірлік екен! Халқымыз «Бірліксіз тірлік жоқ, достықсыз — қуаныш жоқ» деп бекер айтпаған екен. Соны мен жаңа түсіндім...

Бибігүл (*түсінбей, Саматқа*). Самат, сен не деп тұрсың?

Самат (*батылданып*). Бір-біріңнің қолдарыңнан ұстандар!

Хорлан (*түсінбей*). Неге, не үшін?

Самат (*сабырсызданып*). Ұстандар дедім ғой мен. Ұстандар деген соң — ұстандар! (*Қалтасынан қалта шамын алады, салтанатты түрде*.) Біздің ана арғы бетке өткіміз келеді, үйге қайтқымыз келеді. Тек, мен жалғыз емеспін, бәріміздің де өткіміз келеді, бәріміздің де үйге қайтқымыз келеді.

Көбелек (*сырттан сығалап қарап тұрып*). Балақай, кейін бұлісің үшін өкініп жүрмейсің бе?

Самат (*үзілді-кесілді*). Жоқ, өкінбеймін! Енді біз үйде боламыз. (*Қолындағы қалта шамына үңіліп*.) «Шақпағым менің, шақпағым, керектің бізге тап бәрін?..» (*Үшеуі қол ұстасқан күйі, ұшып бара жатқандай, қолдарын сермей береді*.)

Көбелек. Қаласаң, тағы бір сиқырлы тас берейін.

Самат (*сақтанып*). Менің жалғыз өзім үшін бе? Ондай тастың керегі жоқ.

Көбелек. Сен өзіңе қуаныш, шаттық таптың ба, балақай?

Самат (*айғайлап*). Таптым. (*Дауыс жаңғырады*.)

Көбелек. Қайдан?

Самат. Достықтан, бірліктен!.. (*Дауыс тағы да жаңғырады*.)

Көбелек. Ендеше, жолың болсын балақай! (*Көбелек даусы жаңғырып барып, көңілді, салтанатты әуенге ұласады*.)

Шымылдық

Жиһангез

Қатынасушылар:

Сәрсен — 5 «А»-класының оқушысы.

Маржан — 5 «Б»-класының оқушысы.

Екеуі көрші тұрады.

Сәрсеннің үйі. Қабырғада географиялық карта. Сәрсен екі қолын төбесіне қойып, кереуетте шалқасынан жатыр. Қолына кітап ұстап Маржан кіреді.

Маржан. Сәрсен, немене, ауырып қалдың ба?

Сәрсен (*қынжылып*). Бөгет жасамашы! Жұмыс істеп жатырмын.

Маржан (*таңданып*). Қандай жұмыс?

Сәрсен. Ой ойлап дегендей.

Маржан (*кекетін*). Жұмысың тым қат-

ты-ақ екен! Түу, Сәрсен, тыңдашы, сен картаны жақсы білесің ғой осы?

Сәрсен *(басын көтеріп)*. Білгенде қандай! Бізге география сабағын директор ағайдың өзі береді.

Маржан. Ендеше, сен мұхит, теңіз дегендерді жақсы білесің ғой. Солай ма?

Сәрсен. Мұхит дейсің бе? *(Ойланып)*. Қалай еді? Е, былтыр біздің Мұхит деген көршіміз болған.

Маржан. Сен ойынды қойшы, мен саған шын айтып тұрмын. Мұхит дегеніміз не, оның теңізден қандай айырмасы бар? Маған соны айтып берші!

Сәрсен *(төсектен тұрады)*. Мұны жұрттың бәрі біледі. Теңіз дегеніміз — теңіз. Ал, Мұхит деген кәдімгі өзіміздей адам. Өзің опонай нәрсені білмейді екенсің ғой!

Маржан. Өй-дөйт дерсің, білгішім!

Сәрсен. Кекетпей-ақ қой! Менің не біліп, не ойлап жүргенімді саған айтсам да, сен түсінбессің.

Маржан. Не ойлаушы едің сен! Азар болса, тағы да бір қисыны жоқ қиялға шомып жүрген шығарсың.

Сәрсен. Қисыны жоқ! Мүмкін, сеніңше, қисыны жоқ шығар. Ал, меніңше, бұл өте орынды және болатын нәрсе. Бұл ісім үшін, мүмкін, маған «Жаңа заманның жиһангезі» деген атақ берілер, атым газет-журналға басылар. Даңқым дүние жүзіне жайылар. Мүмкін, мені директор ағай оныншы класқа бір-ақ көшірер.

Маржан *(нанып)*. Сәрсен, сен жаңа заманның жиһангезі болсаң, мені өзіңмен бірге алып жүресің бе?

Сәрсен. Әрине, алып жүремін. Бірақ сен бұдан былай өзіңнің мұхит-сұхитыңмен маған бөгет жасама.

Маржан *(қызығып)*. Ал, сен не ойлап шығармақсың? Соны айтшы!

Сәрсен. Қалай айтамын! Сенің басқа балаларға айтып қоюың мүмкін. Кім біледі, әлде бұл соғыс құпиясы шығар?

Маржан *(шошып кетіп)*. Соғыс құпиясы!

Сәрсен. Иә, соғыс құпиясы!

Маржан. Ендеше, мен ешкімге тісімнен шығармаймын, айтшы!

Сәрсен. Жарайды, айтайын. Бірақ, сен ең алдымен айтпаймын деп уәденді бер.

Маржан. Пионерлік шын сөзім! *(Салют береді.)*

Сәрсен *(жан-жағына қарайды, төсектің астына үңіледі, есікті ашып, қарап, қайта жабады)*. Ешкім жоқ екен. Енді тыңда, мен кемеңің жаңа түрін жасап шығарғалы жүрмін.

Маржан *(таңданып)*. Ол қандай кеме?

Сәрсен. Кәдімгідей кеме! Ол ешбір отынсыз-ақ, күн сәулесінің күшімен суда жүзетін болады. Кемеңің ішінде су толтырылған үлкен қазан тұрады. Оның түбіне затты үлкейтіп көрсететін шыны орнатылады. Ол шыны күн сәулесін өзіне тартады да, суды жылытады. Ал, қазанның үстіне затты кішірейтіп көрсететін шыны орнатылады. Ол суды суытып тұрады. Демек, қазандағы су астыңғы жағынан қайнап, бұға айналып, жоғары көтеріледі. Одан барып суып, суға айналып, қайта төмен түседі.

Маржан. Сонан соң?

Сәрсен. Сонан соң бу үнемі қозғалып

тұрады да, моторға қуат беріп, жұмыс істетеді. Содан барып кеме ешбір жанармайсыз суда жүзетін болады.

Маржан. Сен затты кішірейтіп көрсететін шыныдан су суиды дегенді қайдан таптын?

Сәрсен. Өзім ойлап таптым. Егерде затты үлкейтіп көрсететін шыны күн сәулесі арқылы суды жылытатын болса, затты кішірейтіп көрсететін шынының суды суытатыны өзінен-өзі белгілі емес пе?

Маржан. Дегенмен, бір тексеріп шығу керек екен. Өзің барлық жағынан да есептедің ғой, әйтеуір?

Сәрсен. Әрине! Міне, жазғандарым, есептегендерім. *(Бірнеше парақ қағаздарды көрсетеді.)*

Маржан *(қағаздарды ақтарып)*. Мұның бәрін қашан жазып, сызып үлгердің?

Сәрсен. Мен көп жазамын. Мектепте де, үйде де жаза беремін.

Маржан. Ал, сабаққа қашан дайындаласың?

Сәрсен. Міне, қызық! Егер мен кеменің жаңа түрін жасап шығарсам, маған сабақ неге керек?!

Маржан. Сонда не істемексің?

Сәрсен. Мен бе? Мен өзімнің ойлап шығарған жаңа кемеммен дүние жүзін аралаймын.

Маржан. Қалай аралайсың?

Сәрсен. Мен әуелі өзіміздің осы Іле өзенімен жүзіп отырып, Балқашқа барамын. Балқаштан Аралға, Аралдан Каспийге, Каспийден Қара теңізге, сонан соң әрі қарай кете беремін. *(Маржан сықылықтап күле береді.)* Неменеге күлесің?

Маржан *(күлкісін тыйып)*. Балқаштан Аралға қайтып бармақсың? Кемеңе төрт дөңгелек қондырып аласың ба?

Сәрсен. Ешбір дөңгелексіз-ақ, сумен жүземін де отырамын.

Маржан. Қай сумен?

Сәрсен. Шу өзені ше?

Маржан. Шу өзені Балқаш пен Аралдың арасын қоспайды ғой?

Сәрсен *(кекетіп)*. Өй-дө-ит дерсің! Біледі екенсің! *(Картаны нұсқап)*. Қара, ана картаны!

Маржан. Қарасаң қара! *(Екеуі картаға үңіледі.)* Міне, көрдің бе, Шу өзені басын Тянь-Шаньнан алып, Қаракұмға қарай ағады. Ол Балқашқа да, Аралға да соқпайды.

Сәрсен *(желкесін қасып)*. Солай екен ғой. Оқасы жоқ. Бәрібір, ендеше, мен Қара теңізден Жерорта теңізіне қарай бір-ақ тартам.

Маржан. Оныңның қисыны бар. Бірақ мен сенің осы жаңа кемеңнің жүзуіне күмәнданамын.

Сәрсен. Қалайша?

Маржан. Кемең кенеттен жүзбей қалуы мүмкін?

Сәрсен *(таңданып)*. Қалайша, кенеттен жүзбей қалады дейсің?

Маржан. Несі бар! Есебінде бір сан қате кетсе болғаны. Міне, мысалы, сен мұнда жетіні сегізге көбейтіп, қырық сегіз деп қойыпсың.

Сәрсен *(үрейленіп)*. Сонда қанша?

Маржан. Қанша болушы еді! Жеті жерде сегіз — елу алты болады да. Міне, тағы

мұнда сен төрт шаршы метрді үш метрге көбейтіп он екі болады депсің.

С ә р с е н. Ал, сеніңше, қанша?

М а р ж а н. Меніңше де, он екі, бірақ он екі шаршы метр болады.

С ә р с е н *(қағаздарды жұлып алып)*. Жарайды, жетер енді, көп шұқшия берме. Мен байқамай, қателесіп кетіппін. Үйдің шамы сөніп қалып, қараңғыда жазып едім.

М а р ж а н. Неліктен?

С ә р с е н. Жай, пілтесі төмен түсіп кетті.

М а р ж а н. Өзің жөңдей салсаң етті.

С ә р с е н. Мен жөңдей білмеймін. Апам келіп жөндер.

М а р ж а н. Шамыңды мұнда алып келші!

С ә р с е н. Оны қайтесің?

М а р ж а н. Жөндеп көрейік.

С ә р с е н. Жөңдей алмайсың, сен түгіл мен де...

М а р ж а н. Сонда да.

С ә р с е н *(қиналып)*. Түу, болмайды екенсің өзің! *(Сәрсен шамды әкеледі. Маржан пілтесін инемен көтереді.)*

М а р ж а н. Сіріңкең қайда?

С ә р с е н. Оны қайтесің?

М а р ж а н. Шамды жағамыз.

С ә р с е н. Мен айттым ғой, жағылмайды деп.

М а р ж а н. Сонда да көрейік. *(Сәрсен сіріңке әпереді. Маржан шамды жағып жатып.)* Мен сені аяп тұрмын.

С ә р с е н. Неге?

М а р ж а н. Өйткені, кемең жүзбей қала ма деп қорқамын.

С ә р с е н. «Жүзбейді, жүзбейді!» Ал, мен

жүзеді деймін. Қателер ме? Оларды түзетуге болады.

М а р ж а н. Егер сенің барлық қателеріңді түзетсе, онда іс басқаша...

С ә р с е н. Қәне, тағы қай жерде қатесі бар? *(Қағаздарын ақтарады.)* Айтшы?

М а р ж а н. Қағаздарыңды қоя тұр, мен саған онсыз да айтамын.

С ә р с е н. Ал, айт!

М а р ж а н. Біріншіден, сен құр қиялмен жаңалық аша алмайсың, даңқыңды да дүние жүзіне жая алмайсың. Ал жаңалық ашып, атыңды әлемге шығарғың келсе, әуелі бұрынғы ашылған жаңалықтарды жете білуің керек. Ол үшін қажымай-талмай оқуың керек.

С ә р с е н. Немене? Оқу дейсің бе? *(Ызаланып.)* Тағы не айтпақсың?

М а р ж а н. Тағы айтарым: тек ақылды басың ғана болмай, іскер қолың да болуы керек. Ең болмаса, өз шамыңды өзің жөндеп, өз түймеңді өзің қадай білуің керек.

С ә р с е н. Өй-дөй-ит дерсің! Сонда мен жалғыз түймеден жаңа кеме жасамақпын ба?

М а р ж а н. Жаңа кеме болмаса да, әйтеуір, керекке жарайтын бір зат жасар едің ғой. Жарайды, мен кеттім. Сабақ оқимын. *(Кетіп.)* Қош бол, Жаңа заманның жиһангезі! *(Кетеді.)*

С ә р с е н *(жалғыз, ойланып)*. «Кеме болмаса да, керекке жарайтын бір зат»,— дейді. Сөзінің қисыны бар. Қарашы өзін: кішкентай болса да, қандай ақылды! *(Жан-жағына қарайды, кітапты алады.)* Айтпақшы, бізге географиядан қандай тапсырма берілді екен? *(Беттерін ашып.)* «Мұхит және теңіздер...» Қалай? Бізге де мұхит пен теңіз тапсырылған

екен ғой. *(Айқайлап.)* Маржан, Маржан, тоқта!.. Кел, сабақты бірге оқиық! *(Жүгіріп шығып кетеді.)*

Шымылдық

Жақсылық пен жамандық

Қатынасушылар:

Аяз Ата
Ақшақар
Бастаушы
Мыстан кемпір
Алдар Көсе мен балалар

Сахнаның төрінде — қысқы орман көрінісі. Ол қазақтың халық ертегілерінің негізінде салынған суреттермен безендірілген. Ортада — үлкен де әсем елка. Ол түрліше ойыншықтар, ою-өрнектермен көркемделген. Музыка ойнап тұрады. Балалар екі-екіден сап түзеп, сахнаға шығады. Олар ортада тұрған елканы айнала қоршап, дөңгелене тұрады. Ән-күй тоқтайды. Шымылдық ашылғанда, сахнаның бұрышында Бастаушы отырады.

Бастаушы.

Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,
Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды.
Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,
Басқан жері сықырлап, келіп қалды...

Осы кезде қолында ұстаған көсеуі бар, үсті-басы алба-жұлба Мыстан кемпір күтпеген жерден шыға келеді. Жан-жағына алақ-жұлақ көз тастайды.

Мыстан *(Бастаушыға).* Қателесесің, балақай! Олай емес! Тіпті де олай емес! Елкаға қатысуға менің де қақым бар. Мә, көр, нанбасан, рұқсат қағазымды. *(Өзіне-өзі.)* Осыдан кештеріңді бұзып кетпесем, Мыстан атым құрысын!

Мыстан кемпір қалтасынан бір жапырақ қағазды суырып алып, Бастаушының дәл көз алдына апарып, сілкілей бастайды, бірақ қолына бермейді, одан шегініп кетеді де, алқа-қотан тұрған балаларға көрсеткен болады.

Бастаушы. Жарайды енді, қойсаңшы, Мыстан кемпір! Біз саған сенеміз.

Мыстан. Сенесіңдер ме? Онда жақсы болды. Ал, балалар, мен сендерге сәлем-сауқат әкелдім. Айтыңдаршы, кәне, хайуанаттарды жақсы көресіңдер ме? *(Өзіне-өзі.)* Көрсетермін мен сендерге сыйлықты!..

Балалар *(барлығы).* Иә.

Мыстан *(оң қолын құлағына тосып).* Естімей тұрмын. Не дедіңдер? Хайуанаттарды жақсы көресіңдер ме деймін мен сендерге!

Балалар *(барлығы).* Иә, иә!

Мыстан. Онда мен қазір хайуанаттарды шақырамын. *(Қос қолымен аузын тосады.)*

Бастаушы. Мыстан, тоқтай тұр. Сен қандай хайуанаттарды шақырмақсың? Олардың жыртқыштары ма, әлде жуастары ма?

Мыстан. Иә! Иә! Мен сияқты кемпірлердің хайуандары қандай болушы еді? Бәрі де өзі сияқты ығай-сығайлар. Мәселен, қойға шабатын аш бөрілер, қамбаның жауы — қаптесерлер, тырнақты тарғыл мысықтар...

Бастаушы *(зілмен).* Ә, солай де. Аңдардың небір жыртқыштарын таңдап алыпсың ғой. Ал, оларыңды тамақтандырып па едің?

Мыстан *(ашуланып)*. Сен өзің немене, мені мазактап тұрғаннан саумысың? Мына қақаған қатты аязда мен оларға азықты қайдан табамын? Неде болса, көресіндер, шыдайсыңдар. Бәрі шетінен аш, қаһарлы, дүлей! *(Қос қолын тағы да аузына апарады.)*

Бастаушы. Жоқ, болмайды, Мыстан кемпір! Ондай жыртқыштар балаларға арналған сәлем-сауқаттарды жеп қояды.

Мыстан. Өкінішті-ақ! Балаларды риза етуге соншама тырысып бағып едім. Міне, енді менің сәлем-сауқаттарым жарамсыз болып шықты. *(Өзіне-өзі.)* Қап, бұл қулығым өтпей қалды. Енді басқасын ойлап табайын...

Бастаушы. Сен оған ренжіме! Кел, одан да басқа бір нәрсені ойлап табайық. Мәселен, балалар ертегі тыңдауды өте ұнатады. Одан да сен оларға ертегі айтып бер. Бәлкім, сен ертегіні өте көп білетін боларсың.

Мыстан. Ертегі дейсің бе? *(Қуанып кетіп.)* Жарайды онда. *(Елканы бір айналып шығады.)*

Ерте, ерте, ертеде,
Ешкі жүні бөртеде...
Қырғауылжүні қызылда,
Құйрықжүні ұзында.
Күлмесхан деген қыз бопты,
Үсті-басы мұз бопты...

Е, мен несіне айтып отырмын. Одан да мен сендерді ертегілер еліне апарып, өздеріңді сол ертегілердің кейіпкерлеріне айналдырып жібермеймін бе? Сиқырлау мен дуалау қолымнан келеді ғой, әйтеуір. *(Өзіне-өзі.)* Әри-не, жамандық жаққа қарай.

Бастаушы. Жарайды... Бірақ тым қорқынышты болмасын!

Мыстан. Қорықпа, қарағым. Жалмауыз кемпірлер мен аждаһа жыландар баяғыда-ақ құрып біткен. Ертегі былай басталады... *(Ой-ланып қалады. Ернінің ұшында ызалы күлкі ойнайды.)* Күлмесхан деген қыз жөнінде. Тек мен сендерді сиқырлап, көздеріңді байлағанша, балалар тыныш тұрсын. *(Мыстан кемпір елканы айнала жүгіріп, зікір салып, дуасын оқиды, бұрқылдап, жынын шақырады. Шашының бір талын жұлып алып, оны бірнеше бөлшекке бөліп алып, үрлейді.)* Міне, енді ертегі басталады, аздап күте тұрыңдар! *(Мырс-мырс күліп, сахнадан шығып кетеді.)*

Осы кезде сахнаға аркасында қабы, бір қолында аса таяғы бар Аяз ата кіреді, ол өз сонынан Ақшақарды еріксіз ертіп келе жатқан тәрізді. Өйткені Ақшақар сахнаға кіргісі келмей, тартыншақтап, шегіншектей береді, қылай бастайды. Аяз ата Бастаушының қасына келіп, қабын жерге қояды, аса таяғын қолына алады.

Сахнадағы балалардың назары соларға ауады.

Ақшақар *(жылап)*. Бармай-мын. Көрмей-мін. Үйге қай-та-мын!

Аяз ата *(таңданып)*. Балам, саған не болды? Ауырып қалған жоқсың ба, өзің?

Ақшақар *(кемсеңдеп)*. Ауырған жоқпын! Ауырған жоқпын дедім ғой. Менің ешқайда барғым келмейді. *(Жалынып.)* Үйге қайтайыншы!

Аяз ата. Не деп тұрсың, сен өзің? Біз мына мерекеге келіп тұрмыз ғой. *(Балаларға қарап.)* Амансыздар ма, балалар!

Балалар *(барлығы)*. Сәлеметсіздер ме, Аяз ата!

Аяз ата *(Ақшақарға.)* Сәлемдес, қызым!

Ақшақар. Сәлемдескім келмейді. *(Жылайды.)* Сен мені мұнда неге алып келдің? Бұл жер — көңілсіз...

Аяз ата. Міне, бұл жерді қазір екеуіміз көңілді етеміз. Ал, балалар, кәне, бәрің қосылып, менің жақсы көретін бір әнімді айтып жіберіңдерші, сөйтіп, мына Ақшақарды көңілдендіріп алайық. *(Балалар бәрі қосылып «Елка жырын» айтады. Қабағын түйіп, түксіп алған Ақшақар өкпелеген кісіше бұртып, бір бұрышта елкаға қарап отыра береді.)* Қызым, саған не болған? Күлмейсің де, күлімсіремейсің де?

Ақшақар өксіп-өксіп жылайды, қолымен бетін жабады.

Бастаушы. Аяз ата, айтыңызшы, Ақшақарға не болды?

Аяз ата. Не болғанын өзім де білмеймін, балам. Біз сендерге келейік деп, жиналған едік. Әу баста көңілді еді, күліп-ойнап жүрген. Сендерге арнап жаңа бір өлең де айтып бермек те болған. Ол осында жақындай бергенде, сүрініп қалып, жылап жіберді. Міне, содан бастап, Ақшақар емес, ертегілерде айтылатын қайдағы бір Күлмес қыз болып шыға келді.

Бастаушы *(жұлып алғандай)*. Аяз ата, тоқтай тұршы!.. Жаңа ғана осы жерде Мыстан кемпір болып, төңіректі дуалап кеткен-ді. Бізді ертегілер еліне айналдырмақ болған-ды...

Аяз ата *(үрейленіп)*. Не дейсің? Мыстан кемпір дейсің бе? Ол мұнда қайдан жүр? Ай-ай-ай! Қалайша, сендер оны араларыңа жіберіп алдыңдар! Оның осы уақытқа дейін адамдарға жасаған жамандығы аз болып па

еді?!- Оның сиқырлығына қалай жол беріп жүрсіңдер?

Бастаушы. Ол бізге: «Мерекеге қатысуға еркім бар, рұқсатым бар», — деп, қасарысып мұрып алды емес пе. «Рұқсат қағазым да бар», — деді ғой...

Аяз ата *(таңданып)*. Мыстан кемпірдің бе? Оған рұқсат қағазды кім береді? Алдап кеткен ғой, түге, сендерді... О, патшағар! Ал, сендерді ол қалайша сиқырлап жүр?

Бастаушы. Біздерді ертегілер еліне айналдырып, Күлмесхан патшалығына апармақ болды ғой. Солай емес пе, балалар?

Балалар *(барлығы)*. Иә, иә!

Аяз ата *(күрсініп)*. Солай еді десеңдерші! Ой, оңбаған, Мыстанның бармайтын жері, баспайтын тауы жоқ. Мына Ақшақарды Күлмес қызға айналдырып кеткен дәл соның өзі болды ғой.

Бастаушы. Солай, балалар! Мейрамның басын бүлдіріп алған өзіміз екен. Демек, оны түзетуге тиісті де — өзіміз! Ақшақарды Мыстан кемпірдің арбауынан азат етіп, дуасынан аршып алу үшін, біз оны қайткен күнде де күлдіруіміз керек. Сонда ол Күлмес қыздан қайтадан Ақшақарға айналады.

Сахнада күлдіргі би *(мәселен, «Аю биі»)* ойналады. Балалар: «Бір, екі, үш, Ақшақар, күлімде! Бір, екі, үш, Ақшақар, би биле!» — деген сөздерді қосылып айтады. Төрт-бес бала ортаға шығып, аюға ұқсап қорбаңдап, қикаң-қикаң етіп билей жөнеледі. Бірақ Ақшақар күлмейді.

Аяз ата. Бәлкім, бізге орман перілері көмекке келер. Немесе күлдіргіш клоундар биге шығар. Әлде көңілді бір өлең оқып, ән шырқап жіберсек пе екен? *(Үш-төрт бала ор-*

таға шығып, бірінен соң бірі кезекпен жырық құлақты қоян, маймақ аяқты аю, қу түлкі туралы өлеңдер оқиды. Мұнан кейін барлық балалар қосылып «Елка жыры», «Костер жыры», «Октябрияттар өлеңі», «Пионер жыры» сияқты өлеңдер орындайды. Сондай-ақ, Қоян, Түлкі, Аю, Теңізші т. б. болып би билейді. Топ алдына шығып, өлең айтып, би билеп, көзге түскен бірнеше жас өнерпаздарға Аяз ата мен Бастаушы сыйлық тапсырады, ойыншық, конфет үлестіреді.) Дегенмен, біздің бұл ісімізден ештеңе шығатын көрінбейді. Ақшақардың қабағы ашылар емес. Енді не істейміз?

Б а с т а у ш ы. Осы біз Алдар Көсені көмекке шақырсақ қайтеді? Ол толып жатқан пері-диюлармен, жын-шайтандармен таныс әрі жолдас қой. Мүмкін, солар бірдеңе етіп көмектесер.

А я з а т а. Дұрыс айтасың. Жігіт екенсің! Тауып кеттің! Ал, кел, балалар, бәріміз бірігіп Алдар Көсені шақырайық. *(Қолындағы аса таяғымен жерді салып-салып қалады.)*

Ей, әлемнің құстары,
Дүние кезіп ұш, кәні!
Хайуан біткен, барындар,
Шартарапқа шабыңдар!
Әлемге жар салыңдар,
Алдарды іздеп табыңдар!
Кешікпесін, тездетсін,
Осы жерге тез жетсін!

(Аса таяғымен жерді тағы бір салып қалады.)

Сырттан құстардың саңқылдаған үні, аңдардың арсылдаған дауыстары естіледі. Есіктен шайтан арбаға мінген Алдар Көсе көрінеді. Ол арба үстінде сыбызғысын ой-

нап отырады. Шайтан арба елканы бір айналып шығып, сахнаның екінші шетіне тоқтайды. Алдар Көсе ойынын тоқтатып, көпшілікке басын иіп, сәлем береді.

А л д а р К ө с е *(көңілді)*. Көңілді кешке қатысушыларға—бір сәлем! Аяз ата мен онын немересі — Ақшақарға мың сәлем. Ай-көк! Ай КӨК! *(Әндегіп отырып, арбадан секіріп түседі.)* Аяз ата, мені неге іздеттіңіз, не үшін шақырттыңыз?

А я з а т а. О, бауырым менің! Боздағым менің! Сен баяғы қалпыңнан әлі өзгермепсің ғой. Өз аяғыңмен жүрмей, шайтанды жегіп апсың. *(Сонсоң түнеріп.)* Сені шақыртқан себебім мынау еді... *(Қолымен Ақшақарды нұсқап.)* Мына баланың мүлдем қабағы түсіп, қайғы басып, қасірет тартып кетті. Айтқан тілді алмайды. Қыңыр тартып, қисық басады. Мұны әлгі Мыстан кемпір дуалап кетіпті. Енді оны тек күлкімен ғана жазып алуға болады. Сондықтан оны күлдіру керек дейді. Алдаржан, осыған дәру сенің қолыңнан келмесе, басқамыз күлдіре алмай қойдық.

А л д а р К ө с е *(қиналып)*. Бұл — қиын мәселе. Бір менің қолымнан түк те келмейді. Бұған мына балалардың көмегі керек?..

Б а с т а у ш ы. Көмектесеміз. Солай емес де, балалар?..

Б а л а л а р *(барлығы)*. Иә, иә! Көмектесеміз.

А л д а р К ө с е *(балаларға «Аяққа қап киіп жүгіру» ойынын түсіндіреді. Сонсоң Ақшақарға қарап)*. Ал, сен, Ақшақар, арбаның үстіне шығып алып, қара да отыр. Сонда саған бәрі де анық көрінеді.

(Ойын басталып кетеді. Ақшақар арбаның үстіне барып отырады. Аяқтарына қап киген

үш-төрт бала жығылып-сүрініп сахнаға шығады. Ойынның арт жағынан оған Алдар Көсенің өзі де араласып кетеді. Балалардың, әсіресе, Алдар Көсенің қалт-құлт етіп жүргенін көріп, балалар мәз болады, барлығы да сықылықтап күледі. Тек Ақшақар ғана күлмейді.) Қалай, ойынымыз саған ұнады ма? (Ақшақардың жүзінде күлкі ойнап, күлімсірей бастайды.) Әлде өзіңнің де ойнағын келер?

А қ ш а қ а р. Иә, ойнағым келеді.

Осы кезде жасырын келіп арбаның астында тығылып отырған Мыстан кемпір Ақшақарға: «Жоқ! Жоқ!» — деп сыбырлайды.

Алдар Көсе (түксіп). Бұл кім, сыбырлап тұрған? Не дейді өзі?

Б а л а л а р (жарыса). Мыстан кемпір, Мыстан кемпір!

Алдар Көсе (жұлып алғандай). Қайда ол?

Б а р л ы ғ ы (қосылып). Арбаның астында тығылып отыр.

Алдар Көсе. О, патшағар! Жүрмейтін жері жоқ оның. Иненің көзінен де өтіп кетеді! О, албасты, қайдасың? Шық бері! Шық деймін мен саған! (Балаларға қарап.) Бәлкім, сендер қателескен боларсыңдар, балалар?

Б а р л ы ғ ы (қосылып). Жо-қ! Жо-қ!

Алдар Көсе енді балаларға «Қораз» деген ойынның тәртібін түсіндіре бастайды. Ақ бормен ортадан шеңбер (дөңгелек) сызылады. Оның ішіне екі оқушы кіріп алып, бір-біріне қарама-қарсы тұрады. Сонан соң бір аяқтарын көтеріп алып, екінші аяқтарымен ғана жер басып жүреді де, бірін-бірі иықтарымен итерісіп, бірін-бірі шеңберден итеріп шығаруға тырысады. Ойын екі-үш рет қайталады. Ойынның соңғы кезінде оған Алдар

Көсе де араласып кетеді. Бір кішкене баламен ойнап, жығылып, жеңіліп қалады. Мұны көрген балалар мәз-мейрам болып күледі.

А л д а р К ө с е (Ақшақарға). Қалай, қызық па?

А қ ш а қ а р. Қызық! (Арбаның астында отырған Мыстан кемпір тағы да «Қызық емес!» — деп сыбырлайды. Мұны естіген Ақшақар да соны қайталайды.)

А л д а р К ө с е. Сенің қай сөзіңе сенеміз? Біресе «қызық» дейсің, біресе «жоқ» дейсің?

Б а л а л а р (Мыстан кемпірді қолдарымен нұсқап көрсетіп, шулап). Мыстан! Мыстан! Ақшақарға сыбырлап тұрған Мыстан кемпір!..

Алдар Көсе арбаға жақындап келіп, оның үстін қарайды, сонсоң астына үніледі. Онда тығылып жатқан Мыстан кемпірді, қолындағы көсеуімен қоса ұстап алады. Екеуі алыса кетеді. Сахна іші айғай-шу, азан-қазан болады. Ақшақар арбадан секіріп түсіп, Аяз атаның қасына барады. Алдар Көсе Мыстан кемпірді желкелеп, ортаға алып шығады.

М ы с т а н к е м п і р (қарысын). Жо-қ, жо-қ! Бәрібір, Ақшақар күлмейді! Бәрібір, менің тілегенімдей, сендердің мейрамдарың қызықсыз, көңілсіз өтеді!..

А л д а р К ө с е (жекіріп). О, оңбаған Мыстан! Ойлайтының — арамдық, істейтінің — жамандық! Бәрібір, сенің дегенің болмайды. Жауыздықты ауыздықтаймыз. Кәне, көріп тұрайық, кімнің сиқыры басым, дуасы күшті екен!

Алдар Көсе қолына гармонь алып, «Би» күйін тарта бастайды. Мыстан кемпірдің сол сәтте қолынан көсеуі түсіп кетеді де, езі қикаң-қикаң етіп билей жөнеледі. Оның биі балалардың күлкісін келтіреді. Ол. өте тез,

өте шапшаң билейді де, тез шаршап, алқынып қалады. Сонсоң Алдар Көседен оның ақырынырақ, баяулау ойнауын өтінеді.

Мыстан кемпір *(жалынып)*. Алдар Көсе — күнім, жаным! Босатшы мені. Өмір бақи ұмытпайын. Құлың болайын. Бұдан былай ешкімді де сиқырламаймын, дуаламаймын...

Алдар Көсе. Біз оны мына балалардан сұрайық. Олар бұған қалай қарайды екен? Олар не десе, сол болады. Ал, балалар, қалай қарайсыңдар? Мыстан кемпірді босатып жіберейік пе, әлде...

Балалар. Жоқ, босатуға болмайды. Тағы да билей түссін.

Би жалғаса береді. Мыстан кемпір зорға билеп жүріп, балаларға жалынады. Өзінің әлсіз, ауру, кәрі кемпір екенін айтып, өзін аяуды, босатуды өтінеді. «Би» күйі одан сайын күшейе, шапшандатыла береді. Бір кезде бидің екпініне шыдай алмай, Мыстан кемпір құлап түседі. Құлап жатып, аяқ-қолын ербендетеді. Мұны көрген Ақшақар еріксіз езу тартып, күлімсірей бастайды, сонсон сықылықтап, қатты күліп жібереді. Осы кезде елканың шамдары жағылады. Алдар Көсе тартып отырған «Би» күйін тоқтатады. Мыстан кемпір орнынан атып тұрып, көсеуді ат қылып мініп алып, сахнадан шауып шығып кетеді. Балалар оны «кет», «бар», «жөнел», «жоғал!» деген сөздермен айғайлап шығарып салады.

Аяз ата *(Ақшақарға)*. Балам! *(Құшақтап бетінен сүйеді, сон-соң балаларға қарап)*. Балалар, Ақшақар күле бастады. Алдар Көсе, саған көп-көп рахмет! Мыстан кемпірдің қастандығынан біздің мерекемізді қорғап қалдың. Сөйтіп, барлығымызға қуаныш әкелдің, жақсылық жасадың. Көсегең көгеріп, көрпең ұлғайсын. Балалар, Алдар Көсеге рахмет айтыңдар.

Балалар. Алдар аға, сізге көп-көп рахмет! *(Алдар Көсе қолын кеудесіне қойып, басын иеді. Балалар қол шапалақтайды.)*

Аяз ата. Ал, Алдар, не тілегің бар, сұрай бер, бәрін орындаймын!

Алдар Көсе. Барлығын да ма?

Аяз ата. Барлығын да орындаймын.

Алдар Көсе. Олай болса, барлық жұртқа жарлық бер: бұдан былай мені ешкім Алдар деген атыма қарап, «Суайт!» екен деп, кемсітпейтін болсын! Өйткені мен әрқашан әділдік үшін, шындық үшін күресемін. Жұртшылыққа тек жақсылық жасаймын. Алдағанда да, біреуге жақсылық жасау үшін алдаймын. Бірақ онымнан адал адамдарға еш зиян келмейді.

Аяз ата. Жарайды, жақсы. Солай болсын. *(Алдар Көсеге қарап.)* Бұдан былай сені ешкім де кемсітпейтін болады. *(Балаларға қарап.)* Солай ма, балалар?

Балалар *(барлығы)*. Солай, ата, солай! *(Барлығы қол шапалақтайды.)*

Аяз ата. Демек, келістік. Бұл бір. Екіншіден, Алдар Көсенің екінші есімін «Жақсылық» қояйық». Бұдан былай кейде оны «Жақсылық» деп те атайық. Бұған қалай қарайсыңдар, балалар?

Балалар *(барлығы, қуанып)*. Дұр-ыс, дұр-ыс! Жақсылық болсын! Жақсылық болсын!

Аяз ата. Демек, бұған да келістік. *(Алдар Көсеге қарап.)* Бұдан былай қарай сенің екінші атың Жақсылық болады. *(Балалар ду қол шапалақтайды, Алдар Көсе құптағандай, кеудесіне қолын қойып, басын иеді. Аяз ата балаларға.)* Ал енді Жақсылықтың құрметіне

бәріміз күмбірлете күй төгіп, асқақтата ән шырқап, мың бұрала би билеп береміз. Бұл әрі Жаңа жылға деген тартуымыз болсын. *(Аяз ата, Ақшақар, Алдар Көсе бастаған бір топ ұлдар мен қыздар ортаға шығып, жалпыға бірдей бір биді (айталық, «Мектеп вальсін» немесе «Кеңес» күйін) билейді.*

Сонсоң жекелеген пионерлер мен оқушылар өз өнерлерін көрсетеді. Біреуі — «Айжан қызды», екіншісі — «Қамажайды», үшіншісі — «Шаттық биін» т. б. билейді. Жекелеген әншілер кезектесіп, «Жаңа жыл жыры», «Оқушы жастар жыры», «Батыр бала Болатбек», т. б. әндерді орындайды. Үздік өнер көрсеткен жас өнерпаздарға Аяз ата сыйлық береді. Аяз ата өлеңдетіп.)

Балалар, бүгін, бұл кеште,
Өте жақсы ойнадық.
Көп нәрсені ап еске,
Көп нәрсені ойладық.
Бұзбақ болған бұл кешті,
Қуыпшығып Мыстанды,
Жеңіс тойын тойладық.
Зұлымдыққа шек те бар,
Алынар одан кек те бар.
Жақсылық дәйім жеңеді, —
Балалар, мұны жаттап ал!

Аяз ата. Балалар, сендердің бұл Жаңа жылда да жақсы оқып, тәртіпті болып, жаңа жеңістерге жетулеріңе тілектеспіз.

Балалар *(қосылып)*. Рахмет! Рахмет! *(Қол шапалақтау.)* Рахмет! Рахмет! *(Қол шапалақтау.)*

Аяз ата. Балалар, жауыздықтың ауыздыкталып, жақсылықтың жеңісі үшін күреске әрқашан әзір болыңдар!

Балалар *(барлығы салют беріп)*. Әрқашанда әзірміз!

Аяз ата, Алдар Көсе, Ақшақар арбаны жетектеп, сахнадан шығады. Балалар оларды ұзақ қол шапалақтап шығарып салады.

Шымылдық

Адалдық пен арамдық

Қатынасшылар:

Нұрлан
Нұрым — 7—8-класс оқушылары.
Назгүл

Пионер бөлмесі. Онда стол, бірнеше орындық және тумбочка орналасқан. Тумбочканың үстінде телефон тұр.

Сахнаға Нұрым мен Назгүл шығады.

Нұрым *(мұрын шүйіріп, менсінбей)*. Ей, сен футболдан не түсінуші едің? Бұл — ұл балалардың ойыны ғой. Қыздар одан не ұғарды ғой дейсің!..

Назгүл *(кекетіп)*. Сен де футболшы бола қалған екенсің!

Нұрым. Кім көрінгенді команда капитаны етіп қоймайды ғой. *(Мақтанып.)* Ал мен болсам — *(оң қолымен кеудесін түртіп)* команда капитанымын!

Назгүл. Мақтаншақ! Сені командаға капитан етіп қойған адам мүлде қателескен. Допты түсіну үшін — көп ақылдың керегі жоқ.

Нұрым (*шамданып*). Ей, ей! Сен қыз, байқап сөйле!

Назгүл. Байқайтын түгі де жоқ. Ал, сенің ойлануың керек. Футбол ойнаған, әрине, жаман емес. Шынығасың, ширғасың дегендей. Бірақ оқуды да ұмытпауың керек. Адамдар ең алдымен өздерінің негізгі жұмысын бітіріп алғаннан кейін барып, спортпен айналысады, онда да шығыу, тынығу үшін шұғылданады. Ал сен болсаң, негізгі жұмысты былай қойып, барлық уақытыңды футболға кетіресің. Айтшы, дұрыс па осың?

Нұрым (*қиналып*). Сен түсінсеңші мені. Маған қандай жауапкершілік жүктеліп отырғанын сезесің бе сен? Мен жай ғана, қатардағы, қарапайым футболшы емеспін, мен — капитанмын ғой. (*Маңызданып*). Мен — команда үшін жауап беремін. Мен — мектептің намысын қорғаймын ғой.

Назгүл (*күйіп кетіп*). Күнделік дәптерінді екілік пен үштік басып кетсе, қайдағы намыс!

Нұрым (*мойындап*). Жарайды, мен үшін қам жемей-ақ қой. Токсанның аяғына дейін жөндеп аламын.

Назгүл. Біз сенің уәдеңнің құнын жақсы білеміз.

Нұрым. Өткен токсанды айтып тұрсың ғой.

Назгүл. Әрине, соны айтамын. Есептен алған екілігің сол қалпында түзелмей қалды. Сонда да уәде беріп едің ғой. «Түзетем», «түзетем» деп, өңешің үзілгенше айғайлап едің. Ей, сені қойшы!

Нұрым. Өткенді еске алып қайтесің? Қыс күндері мықтап қолға аламын. Қысты

күні футбол ойнамайды. Оны өзің де білесің ғой.

Назгүл. Онда шаңғы, коньки, хоккей басталады.

Нұрым. Оның есесіне бүкіл сыйлықтар мен бәйгелерді, кубоктар мен приздерді өзіміздің 7-класқа алып беремін. Сол еңбегім үшін маған көп нәрседен жеңілдік жасалуға тиіс, кешіруі керек.

Назгүл. Сен солай ойлайсың ба? Жоқ, достым, ешқандай да жеңілдік жасалмайды, кешірілмейді де.

Нұрым. Ертең Нұрланның командасымен ойнаймыз. Олар оңайлықпен беріле қоймайды... Нұрлан екеуіңнің көңілдерің жақын тәрізді, солай ма? Ол бұл кездесуден қорқа ма, жоқ па? Одан хабарың бар ма?

Назгүл. Хабарым жоқ.

Нұрым. Егер оны жеңсек, финалға шығамыз. Шіркін-ай, сәті түссе десеңші! Онда екіліктен де қорықпас едім. Жеңгендерге сот жоқ екенін сен білесің бе?

Назгүл (*қапаланып*). Қойшы әрі! (*Аз үнсіздіктен соң мұңұйып*). Нұрым, мен бір қолайсыз жағдайға душар болдым.

Нұрым (*жұлып алғандай*). Немене, «Екілік» алып қалдың ба? (*Күйіп*). Ал менің «Екілікке» етім үйреніп алған, тіпті ойыма кіріп те шықпайды.

Назгүл. Оның дұрыс болмаған.

Нұрлан кіреді.

Нұрлан. Қайырлы күн, достар! Нұрым, амансың ба? (*Нұрымның қолын қысады*.)

Нұрым. Е, капитанбысың? Амансың ба? Ертең ойнаймыз ба?

Нұрлан *(салмақпен)*. Ойнаймыз.
Нұрым. Осы бастан жеңілдім деп есептей бер.

Нұрлан. Оны кезінде көрерміз.

Нұрым. Назгүл, естіп тұрсың ба, мен оның қақпасына кем дегенде екі доп кіргіземін.

Нұрлан. Байқап сөйле. Сондай допты өз қақпаңнан көрсетің.

Нұрым *(қызып кетіп)*. Солай ма? Солай ма? *(Жұдырығын көрсетіп, қолын сермеп.)* Мен саған қазір көрсетемін...

Нұрлан. Сен, Нұрым, байқап сөйле. Жұдырығыңды көрсетіп, қолыңды сермей берме. Оныңнан қорқатын мен емес.

Нұрым *(басылып)*. Мен жай әншейін ғой... Мені қайдағы бір бұзақы бала деп ойлама. Мен әлдекімдердей, аквариумды сындырып алып, үндемей жүргем жоқ. Ондайлар да бар арамызда. Олар шындықты айтуға, өз қылмысын мойындауға қорқады.

Назгүл *(қысылып)*. Балалар, жетер енді, таласты қойыңдар. Сендерге осы не жетпейді?

Нұрлан. Кубоктың тағдыры ертеңгі ойында шешіледі. Ал мынау *(Нұрымды көрсетіп)* өзінің күшіне сенбейді, командасының жеңетініне күмәнданады. Сондықтан да алдын ала байбалам салып, жұртты дүрліктіріп, басқаларды қорқытып алмақ қой.

Нұрым. Сен мені және менің команدامды білмейді екенсің.

Нұрлан. Аздап білемін.

Нұрым *(Назгүлге)*. Ал, Назгүл, сен айтшы. Екеуіміздің қайсымыз жеңеміз, а?

Назгүл *(бетін жауып)*. Кетіндерші әрі. *(Кемсеңдейді.)*

Нұрым *(Назгүлге үңіліп, таңданып)*. Көптеген жанкүйерлерді білуші-ем, бірақ дәл мына Назгүл сияқты, көрмей жатып, алдын ала жылаған жанкүйерді бірінші рет көріп отырмын. *(Шығып кетеді.)*

Нұрлан. Назгүл, саған не болды? Неге жылайсың?

Назгүл. Жай... Әшейін... *(Көзін сүртеді.)*

Нұрлан. Мен Шынаргүл апайдан келе жатырмын. Биология бөлмесіндегілер ондағы аквариумды кімнің сындырып кеткенін біле алмай, бастары қатып жүр. Жаз бойы балық аулап шығып едік, өзендер мен көлдерден әзер дегенде тауып алып келіп едік дейді. Енді, міне, қайдағы бір зиянкес біздің бір жылғы еңбегімізді бір-ақ күнде құртып кетіп отыр... дейді.

Назгүл *(тебіреніп кетіп)*. Немене? Балықтардың барлығы да әліп қалып па?

Нұрлан. Бірі де қалмапты! *(Ызаланьп.)* Ал бүлдіріп кеткен адам, түк көрмегендей, әлі жүр арамызда...

Назгүл. Аквариумды сындырып кеткен адамды білсең, оған не істер едің? Айтшы, Нұрлан?

Нұрлан *(ызалы)*. Мен бе? Мен оған көрсетер едім мынаны! *(Жұдырығын көрсетеді.)*

Назгүл *(мұңайып)*. Онда мені жазала!..

Нұрлан *(таңданып)*. Немене? Не дейсің?

Назгүл. Аквариумды сындырып кеткен мына менмін. *(Жылайды.)*

Нұрлан *(нанбай)*. Мүмкін емес!.. Қалайша? *(Таңданып)*. Сен оны қалай сындырып жүрсің?

Назгүл *(кемсеңдеп)*. Бір балығын алып көрейін деп қолымды тақай бергенімде, сүрініп кетіп, аквариум тұрған орындықты құлатып алдым. Содан... *(Тағы жылайды)*.

Нұрлан *(ренжіп)*. Кісі сүйте ме екен?..

Назгүл *(қиналып)*. Мен оны әдейі сындырғам жоқ қой, Нұрлан, байқамай сындырып алдым.

Нұрлан. Сенің әдейі сындырмағаныңды білемін. Бірақ бұл жөнінде Шынаргүл апайға бірден айтуың керек еді. Онда балықтардың бәрі бірдей өлмеген болар еді... Ал енді...

Назгүл. Қатты қорқып кетіп, сонсоң үйге қарай тұра жүгірдім.

Нұрлан *(жақтырмай)*. Ей, сен де бір...

Назгүл. Сонсоң кеш болып қалды... Енді менің айтқаным, айтпағанымнан не пайда? Бәрібір, балықтар өліп қалды... Өзімнің де кісі бетіне қарар түрім жоқ, қысылып жүрмін.

Нұрлан *(ойланып)*. Иә, жақсы болмады...

Назгүл. Енді менің не істеуім керек? Айтшы, Нұрлан? Мойындайын ба, әлде жоқ па?

Нұрым кіреді.

Нұрым *(бірден)*. Әрине, жоқ.

Назгүл *(сасып қалып)*. Сен, немене, біздің сөзімізді тыңдап тұрдың ба?

Нұрым *(маңызданып)*. Естідім.

Назгүл. Бұл не? Біреудің сөзін тыңдап тұру — барып тұрған оңбағандық қой. *(Жылап жүгіріп шығып кетеді)*.

Нұрым. Е, тыңдаса несі бар?

Нұрлан. Айтшы, Нұрым, сен оны ұстап бересің бе?

Нұрым *(оны естімеген кісіше)*. Нұрлан, айтшы осы, сен адал адамсың ба? Әлде...

Нұрлан. Қалай болған күнде де, біреудің сөзін сырттан тыңдап тұрмаймын.

Нұрым. Қандай топассың! Кейде тыңдағанның да пайдасы бар.

Нұрлан *(қаталданып)*. Сенің осы маған не айтқың келіп тұр?

Нұрым. Сен Назгүлмен доссың. Егер мен аквариумды кімнің сындырғанын Шынаргүл апайға айтсам, әрине, саған да жақсы болмайды.

Нұрлан. Оған Назгүлдің өзі-ақ барып айтады.

Нұрым. Ол біреуге барып бірдене айтқаннан гөрі, тілін тістеп жұтып қойғанды артық көреді. Әсіресе, оның қазіргі жағдайында...

Нұрлан. Не істесе де, бұл — оның өзісі. Ал, сен Шынаргүл апайға айтасың ба, жоқ па? Соны айтсаңшы алдымен!..

Нұрым. Егер сен айтпа десек — айтпай-ақ қоям.

Нұрлан *(таңданып)*. Мен бе? Менің бұған қандай қатысым бар?

Нұрым. Иә, сен. Бұған сенің тікелей қатысың бар. Тек сен менің бір тілегімді орындауға уәде бер. Сонда мен үндемеймін де, ешкімге тіс жарып айтпаймын да. Ал, оған көнбесең...

Нұрлан. Сен мұны маған неге айтып тұрсың? Аквариумды мен сындырған жоқпын ғой.

Нұрым. Сен сындырған жоқсың. Оны білемін. Сен сындырсаң, әрине, оны мойындаудан қорықпас едің... Мен сені білемін ғой. *(Сахнаның сыртын нұсқап.)* Ол қыз — қорқақ!.. Бірақ, қайткен күнде де, сенің досың ғой. Ал, досты орта жолға тастамайды, оның басын жамандыққа қимайды ғой. Солай емес пе?

Нұрлан *(аз ойланып)*. Сонда сен маған не істе дейсің?

Нұрым. Менің бар тілегім — ертең сенің командаңның жеңілгені. Басқа менің сенде еш қолқам жоқ.

Нұрлан *(түсінбей)*. Не дейсің? Не деп тұрсың өзің?

Нұрым. Сен аздап сабыр ет... Бостан-босқа қызба... Ойынның басында сен өз қақпаңа екі-үш доп өткізіп жібер. Бар болғаны осы. Ал, қалған доптарды көре жатармыз.

Нұрлан *(ызаланып)*. Мынауың барып тұрған оңбағандық, сатқындық қой. Сен мені қайда итермелеп тұрсың?!

Нұрым. Мен сені зорлап тұрғам жоқ... Оны өзің біл. Бірақ сен бұған келіспесең, аквариумды кімнің сындырғанын Шынарғүл апай білетін болады... Ал, қалай екен?

Нұрлан. Сен мұндай оңбағандыққа барады деп ешқашан ойламап едім, Нұрым! Мұның барып тұрған... барып тұрған... *(Бұлығып, аузына сөз түспейді.)*

Нұрым. Егер мен ертеңгі кездесуде жеңіліп қалсам, онда маған күн жоқ. Бүкіл мектеп болып мені қаралайды, жамандайды, алған екіліктерімді де бетіме басады, сабаққа келмей қалған күндерімді де еске салады. «Өр көкіректік, мақтаншақтық, паңдығың

тағы да бар», — дейді. Не керек, менен жаман адам болмай шығады... Онда мені құрыды дей бер. Ал жеңіп шықсам — бәрі де кешіріледі. Жөніпаздарды жамандамайтынын өзің де білесің ғой... Айтсаңшы: қақпаға допты өткізесің бе, жоқ па?

Нұрлан. Мен ойланып көрейін.

Нұрым. Ойланатын түк те жоқ. Сен осы ісінмен екі адамды қиыншылықтан құтқарып қаласың. Біріншіден, Назгүлді құтқарасың, екіншіден, маған да жақсылығың тиеді. Ал мұны істемесең, сен туралы Назгүл не деп ойлайды: «Көмектескісі келмеді, өзінің қара басын ғана ойлайды, опасыз», — дейді. Ал менің не дейтінімді өзің білесің...

Нұрлан *(ұзақ ойланғаннан кейін қиналып)*. Жарайды.

Нұрым *(қуанып кетіп)*. Сөзіңді бер, қолыңды әкел!

Нұрлан *(үміті үзілген адамиша, селсоқ)*. Жарайды, бердім.

Нұрым. Міне, жақсы болды! «Қасқыр да тоқ, қой да аман» дейді үлкендер мұндайда. Ал мен болсам, Назгүлдің кінәсынан өліп қалған балықтар құсап үндемеймін, аузымды ашпаймын. *(Нұрланға қолын ұсынып.)* Демек, келістік. Солай ма?

Нұрлан. Жок, мен саған қол бере алмаймын.

Нұрым. Оны өзің біл...

Нұрлан сахнаның бір шетіне қарай ақырын аяндайды. Сары уайымға салынып, мең-зен болып, бір орындыққа барып отырады. Нұрым телефонның жанына барып, оның трубкасын алып, номерлерді ала бастайды.

Нұрым. Дәулетпісің! Амансың ба? Хал қалай? Иә, ойнаймыз. Бәстесесің бе? Жарай-

ды. Бәстесейік. Ертең менің командам жеңіске жетеді. Сенбейсің бе? Менің жеңіске сенімім зор... Токта, тоқта... Асықпа! Егер мен жеңіліп қалсам, саған конькиімді беремін. Ал егер жеңіске жетсек, сен ше?.. Жақсы. Онда сен өзіндікін маған бересің. Жарайды, келістік. Бірақ байқа! *(Нұрланға қарап.)* Кейбіреулер сияқты алдап кетіп жүрме. *(Телефонның трубкасын орнына қояды.)*

Нұрлан *(өзіне-өзі).* Бұл қандай адам, а?..

Нұрым. Мен тек өзім үшін ғана тырысып жүр деп ойлайсың ба? Сенің де қамынды ойлап жүрмін. Егер ертең жеңіске жетіп, ана конькиді ұтып алсам саған беремін. *(Телефон трубкасын көтеріп, номерлерін алады.)* Қайратсың ба? Амансың ба? Бұл мен ғой, Нұрыммын... Иә, иә, ертең!.. Менің командамның жеңетініне сен әлі сенбейсің бе? Жарайды, бәстесейік онда!.. Егер Нұрланның командасы жеңсе, онда мен саған өз конькиімді беремін, ал егер менің командам жеңсе — сен өз конькиінді маған бересің... Солай ғой... Иә, жақсы... Келістік. Қош, сау бол! *(Трубканы орнына қояды.)* Бұл конькиге сен үшін бәс тігіп отырмын. Қордың бе, мен сен ойлағандай сараң емеспін.

Нұрлан *(таңданып).* Сұмдық екенсің?

Нұрым. Сен босқа күйіп-пісіп тұрсың. Бәрібір сенің адалдығыңнан еш пайда жоқ. Мен тек сен үшін ғана емес, Назгүлге де бір коньки ұтып беремін. *(Трубканы көтеріп, номерді алады.)* Серікпісің? Амансың ба? Мен Нұрыммын ғой. Егер ертең менің командам жеңсе, конькиінді маған бересің бе? Иә, иә! Кубокты менің жеңіп алатыныма сенбейсің

бе? Жарайды, жақсы, онда бәстесейік. Нең кетеді?... Ұтсаң — аласың, ұтылсаң — маған бересің! Немене? Ертең өкініп жүрме дейсің бе? Жарайды, өкінбеймін. Өкінсең — сен өкінерсің! Жарайды, келістік. Иә, иә, мен өзімдікін беремін... Ертеңге дейін... сау бол! *(Телефонның трубкасын орнына қояды.)*

Нұрлан. Сені бар ғой... Сені кім деуге болады осы? *(Ойланып.)* Иә, иә! Сарқыншақ! Ескіліктің сарқыншағы...

Нұрым. Мен бе? Мен сарқыншақпын ба?

Нұрлан. Сенсің! Сарқыншақтың дәл өзісің!

Нұрым *(ызаланып).* Айтқан сөзіңді қайтып ал, айтпесе, мен саған көрсетемін. *(Жұдырығын көрсетіп.)* Мұрныңды бұзып жіберемін.

Нұрлан. Мені қорқыта алмайсың. Мен саған Назгүл емеспін.

Нұрлан мен Нұрым «Кәне, көрсет», «Кәне, көрсет», — деп бірін-бірі кеуделерінен итереді, сонсон бір-бірінің жағасынан алысады, төбелесуге жақын қалады. Осы кезде Назгүл кіріп келеді.

Назгүл. Әй, сендер не істеп жатырсыңдар?

Нұрым *(Нұрланға).* Егер сен жақсылықпен көне қоймасаң, мен басқаша әрекет жасаймын. Екі жүзді! Бағана уәде берген! Енді кеп, міне, тіл тигізіп тұр!

Назгүл. Ол қандай уәде? *(Нұрланға.)* Сен оған не бермек болып едің?

Нұрлан үндемей төмен қарайды.

Нұрым. Ол маған бір қызмет көрсетпек болған. Мен сол қызметі үшін, Шынаргүл

апайға сен жайында айтпаймын деп уәде еттім.

Назгүл *(тебіреніп кетіп)*. О, мәселе қайда!

Нұрлан *(түнеріп)*. Сен бұған араласпа.

Назгүл *(Нұрымға)*. Жок, сен айтасың!

Нұрым. Айт десең, айтамын. Ол өзінің қақпасына екі доп кіргізіп жіберуге уәде етті.

Назгүл *(Нұрланға)*. Сен немене, өз командаңды сатып жібергелі тұрсың ба? Балалар саған үлкен сенім артып жүр, ал сен болсаң...

Нұрлан. Сен немене? Ол барып аквариум жөнінде айтсын дейсің бе?

Назгүл *(Нұрымға)*. Нұрым, өзіңе осы ұят емес пе? Еште, пионермін дейсің! «Капитанмын!», «Капитанмын!» — деп кеуденді ұрғанда, жер-көкке сыймайсың! Капитан емес, ішмерезсің! Арамсың, сұмсың!

Осы кезде сахнаның сыртынан адамдардың дыбысы естіледі.

Нұрым. Тыныш! Шынаргүл апай келе жатыр!..

Назгүл *(сахнадан жүгіріп шығады, сырттан оның даусы естіледі)*. Шынаргүл апай, аквариумды сындырып алған мен едім. Үндемей жүре беруге әрі қарай дәтім шыдамады. Байқамай қалып, бір білместік жіберіп алдым. Құнын төлейін. Тек кешіре көріңіз!

Нұрлан *(риза болып)*. Міне — адал адам! Жарайсың, Назгүл!

Нұрым *(ызаланып)*. О, ақымақ!

Нұрлан *(кекесінді, зілді үнмен)*. Қалай, капитан-мырза, енді шындап ойнайтын шығармыз.

Нұрым. Ой, сен өзің сөз беріп едің ғой!

Нұрлан. Сендейлерге сөз беріп, уәдені қор қылуға болмайды. Бар енді, Шынаргүл апайға айтарыңды айта бер...

Нұрым. Несі бар? Айтсам — айтам. *(Көпшілікке қарап)*. Егер ертең ұтылып қалсам, үш пар конькиді кімнен аламын, ә? *(Аузын ашып аңқиып тұрып қалады)*.

Шымылдық

Шыт көйлек

Қатынасушылар:

Жібек, 16 жаста

Зиба, 14 жаста

Мұхит, 12 жаста

Айман, 15 жаста

Шолпан, 13 жаста

Жаз ортасы. Балалар жазғы каникулде жүрген кез. Оқиға қала маңындағы бір ауылда өтеді. Шымылдық ашылмай тұрғанда, оның алдынан Жібек пен Зиба өтіп бара жатады.

Жібек. Каталдығым үшін сен маған ренжіме, Зиба! Апам өз орнына қалдырып кетті, демек, үй ішіндегі тазалық пен тәртіп үшін енді мен жауап беремін. Ал егер сендерді өз ықтиярларыңа қоя берсем, сендер беттерінмен кетесіңдер, не басыма шығып аласыңдар.

Зиба *(көңілсіз)*. Тіпті апамның сөзіне дейін жаттап алыпсың.

Жібек. Бір аптадан кейін апамның өзі де келеді. Қамықпа! Алматының дәрігерлерін жұрт керемет дейді ғой. Апам әлі-ақ жазылып келеді.

Зиба *(көңілсіз)*. Ал бір аптада жеті күн бар. *(Күрсініп)*. Автобұсқа кешігіп қалмайық.

Жібек. Қалаға барғаннан кейін аузыңды ашып, сандалып кетіп жүрме. Бірден дүкенге кір де, шыт сатып ал. Тек түсі әдемі, гүлді болсын. Сонсоң бірден үйге қайт. Апам келгенше, оған әдемі бір көйлек тігіп қояйын. Саған да тігемін, Зиба. Жақсы кәмпиттер болса, қарастырарсың. Біздің Мұхит кәмпитті жақсы көреді ғой. *(Қатал, зілмен)*. Тек тезірек кел! Өзім-ақ барып келер едім, Мұхитқа қарайтын адам жоқ.

Зиба. Жарайды. Ақшанды бер.

Жібек. Ой, ұмытып бара жатыр екем ғой! *(Ақша береді)*. Мә, он сом!

Зиба *(ақшаны алып жатып)*. Балмұздақ алып жеуіме бола ма?

Жібек. Болады. *(Тағы да зілмен)*. Тек байқа, Зиба, ақшанды жоғалтып алып жүрме!

Зиба *(намыстанып)*. Сен немене, мені бір ашық ауыз деп ойлайсың ба?!

Жібек. Сонда да ескерткенім ғой. Не сатып алатыныңды ұмытып кетіп жүрме.

Зиба. Кішкентай бала емеспін ғой.

Жібек *(сахнаның сыртына қарап)*. Міне, автобус та келіп қалды. Қеттік. *(Жібекпен Зиба шығып кетеді. Сырттан автомобильдің гүрілі естіледі. Жайлап шымылдық ашылады. Сахнада ауыл үйінің жинақы да таза бір бөлмесі. Терезе — бөлменің сол жағында. Оның алдында іс машинасы тұр. Оған тақау —*

стол. Оның жан-жағына үш-төрт орындық қойылған. Есік — оң жақта. Сахнада Жібек жалғыз өзі. Жібек терезеге жақындап келіп, сыртқа үңіліп). Мұхит! *(Кідіріс)*. Мұхит!

Мұхит кіреді..

Мұхит. Немене? Неге шақырдың?

Жібек *(артына бұрылып)*. Сен мұнда екенсің ғой. Алысқа ұзап кетпе. Аула ішінде ойнап жүр.

Мұхит *(қабағын түйіп)*. Немене, мен тұтқындағы адаммын ба?

Жібек. Егер өзіңнің әпкеңді сыйлайтын болсаң, үйде отыр. Қорадан шығып кетсең болды, сен міндетті түрде бір нәрсені бүлдіресің ғой. Саған алысқа ұзауға болмайды, *(зекін)* отыр үйде! Егер менің жүрегім орнында болсын десең...

Мұхит *(күрсініп)*. Саңырау емеспін. Ой, апам қашан келер екен?..

Жібек *(өкпелен)*. Немене, сонда менің жаман болғаным ба?

Мұхит *(тыжырынып)*. Әй, қойшы сені. *(Шығып кетеді)*.

Жібек *(сағатына қарап)*. Неге екені белгісіз, Зиба да кешігіп жатыр. Қайтатын мезгілі болып еді. *(Күрсінеді)*. Апам тезірек келсе екен...

Шолпан кіреді.

Шолпан *(тез сөйлеп)*. Жібекжаным, апатайым, сәулетайым, маған бір көйлек тігіп берші. Апам қаладан бір шыт әкеліп еді, сондай көркем, сондай әдемі! Түсі де сондай ғажап. Жібегің оның қасында түк емес. *(Жалы-*

нып.) Содан маған бір көйлек тігіп берші, апатай, айналып кетейін!

Жібек. Ертең кел.

Шолпан. Оған шыдамым жетпейді. Алып келсем бола ма? Өз көзіңмен көресің. Әдемілігіне өзің де таң қаласың. Жібек, жаным, апатайым!..

Жібек. Бүгін қолым тимейді.

Шолпан. Соған ерінбей-ақ қойшы! Әдемілігін көргенде, өзің де қызығып кетесің!

Жібек. Қазір Зибә келуге тиіс. Ол да көйлектік мата алып келуге кеткен. Содан апама көйлек тігіп қоям. Балаларынан сыйлық болсын деп едік. Содан кейін саған тігіп берейін.

Шолпан (өз дегенінен қайтпай). Ең болмаса, алып келейінші! Өзің көр, ұнап кетер. Жарай ма?

Жібек (амалы таусылып). Не істейін енді? Жарайды, алып кел!

Шолпан (қуанып кетіп). Көресің әлі! Өзің де қызығып кетесің. (Жүгіріп шығып кетеді.)

Мұхит кіреді.

Мұхит. Ақ серек те, көк серек! (Қайта жүгіріп кетеді.)

Жібек (мазасызданып). Зибә да келмей жатыр. Неге кешікті екен? (Сыртқа есіктен айқайлап.) Мұхит, қайт үйге!

Мұхит (сырттан). Мен, немене, абақтыда отырмын ба? Сыртқа шығуға да еркім жоқ па?

Жібек. Мен Зибаны қарсы алуға барамын. Тез кел!

Мұхит (сырттан). Қазір...

Мұхит кіреді.

Жібек (басылып). Сендерді тәрбиелеудің қаншалықты қиын екенін енді түсіндім.

Мұхит. Бара бер. Үйде боламын. Ешқайда кетпеймін.

Жібек (жиналып). Мен тез келемін. (Кетеді.)

Мұхит (жалғыз, ойланып). Үй ішінің ең кішісі болған қандай жаман. Әрқайсысы бір бұйрық береді, әрқайсысы бір жұмсайды. Шіркін-ай, қазір ұйықтап кетсем, ал оянғанда, үлкен кісі болып тұра келсем! Машина айдар едім... Комбайнға мінер едім... Самолетке де отырар едім... Тіпті космосқа да ұшар едім!... Балалар іші күйгеннен өле жаздар еді!...

Сахнаға қолында кішкене дорбасы бар, жай басып Зибә шығады.

Зибә (Мұхитқа). Жалғыз өзіңсің бе?

Мұхит. Жібек сені қарсы алуға кеткен. Тыпыршып отыра алмады. Өзі тауық тәрізді. Бізді балапандары сияқты көреді. Солай емес пе, а?

Зибә (Мұхитқа кәмпит ұсынады). Мә, саған әкелдім. (Өзі абыржып.) Ал, мен Жібекке не деймін?..

Мұхит (тамсанып). Жаксы кәмпит екен! Несі бар, мен жеді дейсің!

Зибә. Мұхит, саған сыр айтуға бола ма?

Мұхит. Маған ба? (Батылданып.) Әрине, болады, мен сырға берікпін. Оны өзің білмеуші ме едің.

Зибә. Ешкімге де айтпаймын деп, уәде бер!

Мұхит. Желкемнің шұңқырын көрмейін.

Зиба. Бұл уәде емес, жай сөз.

Мұхит. Басқан ізім артымда қалсын.

Зиба. Бұл да сондай жай сөз.

Мұхит. Енді саған не керек? *(Ойланып тұрып.)* Қасықтағы суға қалқып өлейін.

Зиба. Ойынды қойсаңшы! Мен шын айттып отырмын.

Мұхит. «Өлейін» дедім ғой енді, одан артық не керек?

Зиба. Қасықтағы суға ешкім де қалқып өлмейді.

Мұхит. Енді маған не істе дейсің?

Зиба. Жоқ, сен қарғыстың ең жаманын айтып, қарған.

Мұхит *(ойланып)*. Осы тұрған бойымнан артық өспейін!

Зиба. Ал, тыңда! *(Сыбырлап.)* Мен үш сом ақшаны жоғалтып алдым.

Мұхит *(ысқырып жіберіп)*. Мәс-саған, мәмпәсия!

Зиба. Жібек білсе — менің жазамды береді. «Ашық ауызсың!», «Саған еш нәрсе сеніп тапсыруға болмайды», — деп, жыл бойы соңымнан қалмайды ғой, Мұхит, айтшы, енді не істеймін?

Мұхит *(ойланып)*. Балмұздақ сатып алып жедім дерсің?

Зиба. «Үш сомға балмұздақ сатып алып, саған не көрінді?» — дейді ғой.

Мұхит. Басқа да заттар сатып алған шығарсың!

Зиба. Он метр шыт — бес сом отыз тиын тұрады. Барып-қайтуым — қырық тиын. Екеуін қосқанда — бес сом жетпіс тиын. Қәмпитті тоқсан тиынға сатып алдым. Үшеуіне алты

сом алпыс тиын кетті делік. Балмұздақ — қырық тиын. Сонда барлығы — жеті сом... Үш сом жетпейді.

Мұхит *(кенеттен)*. Сен шытты қымбатырақ сатып алдым де.

Зиба *(мұңайып)*. Өтірік айтқым келмейді, Мұхит.

Мұхит. Онда ашық ауыз атанасың.

Зиба *(біраз үндемей тұрады да, қолына қағаз бен қарындаш алып, столдың басына келеді, еңкейіп бірдеңелерді есептей бастайды)*. Ендеше, шыттың метрі — елу үш тиын емес, сексен үш тиын делік. *(Қиналып.)* Алдағымың келмей тұрғаны-ай!

Мұхит *(терезеге қарап)*. Жібек келе жатыр!..

Зиба қағаздарын жасырады, Жібек кіреді.

Жібек *(Зибаны көріп қалып)*. Ой, сен мұнда екенсің ғой! Мен мазасызданып жүрсем. Қашан келдің? Қалай кездестіре алмадым.

Зиба. Мен жолмен жүргем жоқ, төтесімен кеткем.

Жібек. Жарайды. Аман-есен келсең болды... Тамақ ішкің келе ме? *(Зибаның жауабын күтпей.)* Шыт сатып алдың ба?

Зиба *(ұсынып)*. Міне. *(Дорбаның аузын ашып, одан сатып алған кездемесін көрсетеді.)*

Жібек *(ашып көріп, сүйсініп)*. Тамаша екен! Зиба, жарайсың! Сені құшақтап, сүйгім де келіп кетті!

Зиба. Апам үшін ғой...

Жібек *(жұлып алғандай)*. Метрі қанша тұрады?

З и б а (*сасып қалып*). Ел... ел... (*Бойын жиып алып*.) Сексен үш тиын!

Ж і б е к. Қалған ақшаны қайыр!

З и б а. Ақша қалған жоқ. Автобус, кәм-пит, балмұздақ. Он метр шыт...

Ж і б е к (*иланып*). Жарайды, солай шығар... Тамақ ішкің келе ме?

З и б а. Кейінірек.

Айман кіреді.

А й м а н. Сәлеметсіздер ме? (*Шытты көріп қалып*.) Ой, қандай тамаша шыт!

Ж і б е к. Зибa сатып әкелді. Ең әдемісін тандап алыпты.

М ұ х и т (*Зибаға сыбырлап*). Бір пәледен өтіп кеттің.

З и б а (*күрсініп, ақырын*). Иығымнан бір ауыр жүк түскендей болды-ау, әйтеуір!

А й м а н (*шытты көріп, тамашалап*). Көп сатып алыпсың ғой? Зибa, кім үшін сатып алдың?

Ж і б е к. Апама көйлектікке — бес метр, ал үш метрі — Зибаға!

А й м а н. Қалған екі метрін қайтпексіңдер?

Ж і б е к (*ызаланып*). Мұхитқа дамбал тігіп беремін.

М ұ х и т (*жақтырмай*). Қайдағыны айтады екенсің. Керегі жоқ маған дамбалдың!

А й м а н (*жабысып*). Мүмкін, бұл екі метрін маған қиярсыңдар, а? Қофта тігіп алайын (*жалынып*), сүйтші, Зибаш!

З и б а (*зекіп*). Мен сәудегер емеспін.

М ұ х и т (*Зибаға сыбырлап*). Несіне бәлсінесің! Бере сал!

З и б а (*ақырын*). Шытты аяп тұрғам жоқ! Бағасын қайтем? Түсінесің бе, бағасы?

Ж і б е к. Расында да, екі метрі артық екен ғой. Біз оны қайтеміз? Айман-ақ алсын. Қофта тіктіріп киеді. Бұл да бір қуанып қалсын!

З и б а (*ашуланып*). Мен саған еш нәрсе де сатпаймын.

М ұ х и т (*өзіне-өзі, теріс қарап*). Мына сәнқой қыз қайдан келіп еді, басымызға бәле болып.

А й м а н (*жалынып*). Зибажан, мен не жаздым саған, сонша қасарысатындай. Тегін сұрап тұрған жоқпын ғой, сата салғанға нең кетеді?

З и б а (*өзіне-өзі*). Одан тегін алғаныңның өзі жақсы еді... Әйтеуір, бағасын білмейді ғой. (*Айманға*.) Сатқым келмейді дедім ғой. Сол сөзім — сөз.

Ж і б е к (*Зибаға*). Құрбы-құрдастар бұлай істемейді, Зибa! Бір-бірімізге көмектесуіміз керек, бір-бірімізбен бөлісуіміз керек.

З и б а (*жыламсырап*). Мен зат сатып, сәудегер атанғым келмейді.

А й м а н (*Зибаға*). Өзің білесің, анада мен де қалада болып, әдемі шұлық көріп, екі пар сатып алып, біреуін өзім алып, екіншісін саған сыйлағаным қайда? Сен соны ұмыттың ба?

З и б а (*Айманға*). Не қаласаң да берем, тек мына шытты сұрама.

Ж і б е к (*Зибаға ашуланып*). Сені қандай шайтан түртіп отыр?! (*Айманға*.) Қазір кесемін де беремін. Қысылма!

З и б а (*Жібекке ұмтылып*). Шытқа тиюші болма!

Жібек *(салмақпен)*. Зибә, мұнда сенің жұмысың болмасын. Бұл үйдің иесі — әзірше менмін. Демек, не істесем де, сен көнесің.

Зибә *(көз жасын сұртіп, сырт айналып кетеді)*. Өтірік айтам деп, сау басыма сакина тілеп алдым... Енді қайттім?..

Мұхит *(Зибәге)*. Несіне жылайсың?.. Жылама! Ештеңе де болмайды. Қазір Айман алады да кетеді, сонымен іс бітті де.

Зибә. Әй, сен алып сатарлық, саудагерлік дегеннің не екенін білесің бе? Бұл — ұят, әрі — қылмыс!

Жібек *(шытты кесіп)*. Мә, Айман! Бар да, тіктіріп, киіп ал.

Айман. Ой, рақмет! Ақшам бар. Қанша берейін?

Жібек. Бір метрі — сексен үш тиын.

Зибә *(ызаланып)*. Қайтып ал деймін мен саған, одан шытты!

Зибаның сөзіне мән бермей, Жібекке ақшасын төлеп, Айман енді кете бергенде, қолында дәл осындай шыты бар Шолпан кіреді.

Шолпан. Ой, қандай тамаша кездеме!.. *(Көріп қалып)*. Бұл шыт тек менде ғана екен десем...

Айман. Шыт емес, барып тұрған бір ғажап, сурет сияқты.

Шолпан. Жібектай, қалқатай, бетімді қайтармашы. Тігіп берші! Өзі сондай арзан! Метрі — елу үш тиын ғана. Бірақ мұның қасында жібегің мен бәтесің түк те емес...

Айман *(жұлып алғандай)*. Қанша дейсің?

Шолпан *(асықпай)*. Елу үш тиын...

Айман *(ойланып)*. Ал мен...

Мұхит *(өзіне-өзі)*. Құртты-ау мыналар!.. Жібек *(ашулы)*. Сен не деп тұрсың? Сонда менің саудагер болғаным ба?

Шолпан *(шошып кетіп)*. Жібектай, сәулетай, менің сені ренжіткім келмеп еді. *(Жалынып)*. Ренжіме, жаным, оған сен! Бірақ менің елу үш тиыннан алғаным рас. Ант-су іш десең — ант-су ішейін.

Жібек *(Зибәге)*. Сонда не болғаны?..

Зибә. Айттым ғой саған берме деп!..

Жібек *(қатуланып)*. Өтірік айтып тұрған қайсың? Сен бе, әлде Шолпан ба?..

Зибә *(жылап)*. Мен айттым ғой... Өтіндім ғой сенен...

Айман. Мен ештеңе дегем жоқ. Менің ешқандай қарсылығым жоқ. Зибә қалаға барып келді. Бару-қайту жолы, ұсақ-түйек шығыны бар дегендей... Қымбатырақ бола берсін, мейлі... Мен қарсы емеспін...

Зибә *(ызаланып)*. Қарсы емес... Естисіңдер ме, ол қарсы емеспін дейді... Не нәрсеге қарсы емес ол, білесіңдер ме? Менің алып-сатарлығым. Менің саудагерлігіме, солай ма? *(Айманның қасына келіп, оның қолынан шытты. Жұлып алады.)*

Жібек *(ақырын)*. Бір нәрсеге түсінсем — бұйырмасын.

Мұхит. Зибә үш сомын жоғалтып алыпты... Сонсоң...

Жібек *(жадырап)*. Е, бағанадан бері солай демеісіңдер ме? Жұрттың басын босқа қатырғанша...

Зибә *(жылап)*. Үш сомды жоғалтып алдым. Соны сенен жасырамын деп, өтірік айттым. Оны тек саған ғана айтайын деп едім, көрдің бе, ақыр аяғында не болып шыққанын...

(*Мұхитқа.*) Сен де жай тұрмай, теріс кеңес беріп...

Мұхит. Бәріне мына Айнам кінәлы... «Бер де, бер»,— деп отырып алды ғой. Кенеше қадалып... (*Айманға.*) Адамға жөндеп өтірік айтуға да мүмкіндік бермедің. Сен сұрамағанда, түк те жоқ еді...

Жібек (*Зибаға жұмсарып*). Мұны сен неге бірден айтпадың?

Зиба (*өксігін баса алмай*). Сен ұрса ма деп, «ашық ауызсың» деп, көпшіліктің көзінше масқаралай ма деп қорықтым...

Жібек. Есіңде ме, апам ылғи да айтушы еді ғой: «Алдаумен алысқа бара алмайсың»,— деп.

Зиба. Оған енді көзім жетті.

Жібек (*Зибаны жұбатып*). Жоғалтып алған екенсің — ештеңе етпес. Үш сом деген не? Атан түйенің құны емес қой.

Зиба (*Айман жаңа басын изеп*). Ақшасын қайырып бер. Бүкіл ауылға жайып жүрер. I

Айманы. Ешқайда да жаймаймын. Ешкімге де айтпаймын... Бұған кінәлы сен емес, әрбірден соң мен ғой...

Мұхит. Түкке тұрмайтын бірдеңе сатып алып, енді шу көтерулерін қарашы!

Шолпан (*дау-жанжал, айқай-шу басылғанын көріп*). Бәрі де жақсылықпен бітті-ау, әйтеуір!.. (*Жібекке қайта жалына бастап*.) Жібектай, апатай! (*Қолындағы шытын көрсетіп*.) Мынауымды көрші, тігіп берші!..

Шымылдық

Ағалық ақыл

Қатынасушылар:

Аман
Айдар — 8—9-класс оқушылары.
Ахмет

Мұқан — мұғалім.

Бірінші көрініс

Аманның үйі. Ортада стол, екі орындық. Стол үстінде ескі телевизор, телефон, радиоқабылдағыш пен электр шамдары. Шымылдық ашылғанда, Аман оларды жөндеп отырады.

Аман. Әрине, қандай затты болмасын бүлдіру оңай. Ол кім көрінгеннің қолынан келеді. Ал бүлінген заттарды жөндеп көрсінші! Атай көрме! Бірі де маңына бара алмайды. Қашан көрсен: «Аманжан, радиоқабылдағышымыз бұзылып қалып еді, соны жөндеп бере қойшы», «Амантай, электр шамымыз жанбай тұр, түзеп бере салшы», — деп келеді де тұрады. (*Сырттан дауыс естіледі.*) Өне, тағы келді. Тағы да бірдеңелері бүлініп қалған ғой.

Айдар кіреді.

Айдар (*өлеңдетіп*). «Амансың ба, тапқырым... таныс емес?»

Аман. А, сен бе едің? Мен тағы бірдеңелерін жөндеткелі келе жатқан көршілер ме деп ойлап едім.

Айдар (*әзілмен, Аманды нұсқап*).

Кейде ғалым, кейде батыр,
Кейде жүзгіш, кейде ұста.
Қашан көрсең жамап-жасқап,
(қолымен нұсқап)
Отырғаны осы тұста!

Аман (мырс етіп күліп). Әрине, солай.
Мен өз үйімнің маңдайшасына: «Мақат аулы-
ның шеберханасы» деп жазып қойғалы отыр-
мын.

Айдар (тағы өлеңдетіп).

Өнерлі он саусақтан бал тамады,
Көрген жан өнеріне танданады.
Шәйнегін, шелегін де жамап беріп,
Риза еттің өнеріңмен көп адамды.

Аман. Сен өлеңсіз жай сөйлей алмай-
сың ба?

Айдар. «Өлең сөздің патшасы, сөз сара-
сы», — деген емес пе? Мүмкін, сен қара өлең-
ді ұнатпайтын шығарсың. Онда мен толғай
да, жырлай да аламын. Маған бәрібір.

Аман. Толғамақ түгіл, бозда, онда жұ-
мысым қанша? Тек менің өміріме сенің бір
түрлі қарайтыныға танданамын.

Айдар. Өзің айтшы, өтірік пе? Қашан
келсең де, ылғи қайдағы бір ескі-құсқымен
әлек болып отырғаның. Тіпті қарасаң, жүрегін
айниды-ау! Кейде таң қалам, таңданам, кү-
мәнданам да!

Аман. Бір кездерде жаңа заттарды да
жасап шығармасымды қайдан білдің? Ал ескі
затты жөндегеннің қандай айыбы бар? Бұл да
адам баласының өміріне қажетті шаруа. Ай-
талық, бір адам аяқ-қолы ісіп, жүре алмай,
ауырып жатыр. Дәрігер келеді де, дәрі беріп,
жазып жібереді. Қолөнерші де сол сияқты,

бүлініп қатардан шыққан заттарды жөндеп,
іске жаратады.

Айдар. Жоқ, біз екеуміз бір-бірімізге
мүлде ұқсамаймыз. (Өлеңдетіп.)

Толкын мен тас,
Жалын мен мұз
Қандай болса,
Дәл осындай
Екеуміздің айырмамыз.

Аман. Сөйтіп, жалын деп отырғаның өзін
де, тас дегенің мен ғой, шамасы?

Айдар. Сен тіпті тас болуға да жарамай-
сын, кәдімгі қарапайым кірпішсің.

Аман. Кірпішсің? Оның несі жаман
екен? Кірпіш болсам, бір жерге барам да, қа-
ланам да қалам. Ал, сен — жалын, бір күні
жанасың да кетесің. Сонда сенің шоғыңды су
өшіріп, күліңді жел ұшырып жібереді.

Айдар (ызаланып). Жоқ! Отқа да жан-
баймын, суға да батпаймын! Мен ақын бола-
мын, өлең шығарамын, кітап жазамын. Сөйтіп,
ел алдында өлмес еңбек етіп, артыма өшпес
даңқ калдырамын.

Аман (түсінбей). Ол қандай еңбек?

Айдар (алқынып). Ол — менің өлеңде-
рім, менің кітаптарым...

Аман (таңданып). Сенің өлеңдеріңнен
өмірге келетін пайда бар ма, айтшы өзін?
Әрине, жоқ. Ендеше, ол өлең кімге керек? Оны
кім дәріптемек, сенің атыңды кім ардақтамақ?

Айдар (бәсеңдеп). Табылады.

Аман. Жоқ, жігітім! Сенің өлеңің аузы-
ңа — ас, астыңа — төсек, үстіңе — киім бол-
майды.

Айдар. Сонда, сеніңше, жұрт нені керек
қылады?

Аман. Сен, мына мен құсап, бір радио-қабылдағыш немесе бір электр шамын жөндеп шығаршы. Міне, ол өмірде іске асады. Біреуге керек болады. Радиоқабылдағышпен ел алыстан хабар алып, ән-күй тыңдаса, электр шамымен үйін жарық етеді. Ал, сенің өлеңің өзге түгіл, өзіңнің де керегіңе жарамайды.

Айдар. Сенің бұл пікірің дұрыс емес. Ойың тайыз екен, жігітім!

Аман *(кекете)*. Па, шіркін! Сен құсап алыстан арбаламай-ақ қойдым. Қолымнан келгені осы. Жұртқа пайда келтірсем болды маған.

Екінші көрініс

Ахмет кіреді.

Айдар. Міне, Ахмет келді. Айтсыншы осы! Қайсымыздікі дұрыс?

Ахмет *(таңданып)*. Ол не талас?

Айдар. Мен өскенде ақын боламын, сөйтіп, халыққа қызмет істеймін деймін, ал...

Аман *(жарыса)*. Ал, мен өскенде көлөнер шебері боламын, сонымен жұртқа қызмет етемін деймін.

Ахмет *(жақтырмай)*. Түу, сол ма? Екеуің де түкке тұрмайтын нәрсені түрткілеп жүр екенсіңдер. *(Айдарға қарап.)* Сен ақын болсаң, он ойланып, жүз толғанып, жүз өшіріп, мың жазып, өмір бақи қағазға үңіліп отырғаның. *(Аманға қарап.)* Ал, сен көлөнер шебері болсаң, өміріңді ағашпен алысып, темірмен қарысып өткізесің. Жоқ, мен мұндайды жартпаймын. Менің мақсатым тіпті басқаша...

Айдар *(таңданып)*. Ол қандай мақсат? Біз де естік.

Ахмет *(нығыздай)*. Мен өскенде әскери адам, қолбасшы болмақпын.

Аман *(кекете)*. Қолыңнан келсе...

Ахмет. Қолдан келмейтін несі бар? Әскери училищені бітіремін. Лейтенант атағын аламын. Үстіме сұр шинель, басыма қызыл калпақ киемін. Иығымда алтын погон және оның күнмен шағылысып тұрған екі күміс жұлдызы болады. Белімді қызыл қайысты жалпақ белбеумен қынай буамын. Сол жағымда күміс қынапты алмас қылышым салбырап тұрады. Ал, оң жақ бүйірімде — пистолет! *(Бүйірін таянып, ерсілі-қарсылы жүріп.)* Қандай тамаша!

Айдар. Сонан соң?

Ахмет. Айталық, кенеттен біздің шекарамызды бір қара ниет бұзбақ болды делік, сонда Отанға қайсымыздың пайдамыз көп тиеді? Әрине, сендер болсаңдар ол уақытта шекарадан алыс, терең тылда отырсаңыздар...

Аман. Қал десе — тылда қаламыз!

Айдар. Бар десе — майданға барамыз!

Ахмет *(масаттанып)*. Ал, мені полк командирі өзіне шақырып алады да: «Лейтенант Әміров, ертең 6 сағат 20 минутта дұшпанның Н. атты аса маңызды бекініс пунктін алуға бұйырамын», — дейді. Әрине, мен оған ұстап бойынша тік тұрып жауап беремін. Қолымды маңдайыма тигізіп, өкше темірімді сарт еткіземін де: «Құп болады, жолдас командир!» Жалт бұрылып, жүре беремін.

Аман. Сонан соң?

Ахмет. Шабуылға екі-ақ минут қалды дейік. Мен қылышымды қынабынан суыра-

мын, солдаттарыма шабуылға шығуға бұйрық беремін. Біздер жауға шаба жөнелеміз. Әрине, бөлімшенің ең алдында өзім боламын. Міне, бекіністің шетіне келіп те қалдық. Мен: «Алға!», «Дұшпандарды шабыңдар!» — деп бұйрық беремін. Мылтықтар атылады, қылыштар жарқылдай бастайды. Бірнеше минуттан соң, Н. пункті біздікі болады. Сол күні полк командирі мені өзіне тағы шақырып алады. Мен оған: «Жолдас полковник! Сіздің шақыруыңыз бойынша лейтенант Әміров келіп тұр», — деймін. Ол: «Жолдас лейтенант, ұрыс әрекетін өте жақсы жүргізіп, жауынгерлік тапсырманы үлгілі орындағаның үшін алғыс айтамын», — дейді. Сонда мен: «Совет Одағына қызмет етемін!» — деп жауап беремін.

Айдар. Бар болғаны сол-ақ па?

Ахмет. Ие, бұл аз ба? Саған халық алдында алған алғыстан артық не керек еді?

Аман (*көңілі толмай*). Алғыс... (*Күрсініп*.) Шіркін, Батыр атағын берсе ғой!

Ахмет. Ол да болмай қоймас.

Айдар. Мүмкін, шекарада ешқандай шайқас та болмас, саған ешқандай атақ та берілмес. Сонда қайтпексің?

Аман (*көтеріліп*). Бәсе, солай деп бір қойшы! (*Аман мен Айдар сақылдап күледі. Ахмет намыстанып қысылады.*)

Үшінші көрініс

Мұқан кіреді.

Мұқан. Амансыңдар ма, балалар?

Аман |

Айдар | Саламатсыз ба, Мұқан-аға!

Ахмет |

Мұқан. Күлкілерің тым қатты екен, жай болғай?

Ахмет. Мынау екеуі үйді басына көшіргенше күлгені...

Мұқан. Себеп?

Ахмет (*мүләйімсін*). Мен өзімнің алға қойған мақсатым мен ойымдағы арманымды айтып едім...

Мұқан (*қиялдап*). Арман! Несі бар? Өте жақсы нәрсе. Арман адам санасын оятады, адамға дем береді, рухтандырады. Ал, армансыз адам — қанатсыз қыран!

Аман. Мұқан-аға, менің де арманым бар...

Айдар (*киіп кетіп*). Сен өз арманыңды қойып, мына менің арманымды айт!

Мұқан (*Айдарға*). Басқаның арманына мән бермеу дұрыстыққа жатпайды. Өйткені, дүние әр түрлі заттардан құралады, сондықтан әркімге әр түрлі зат ұнайды. Демек, әркімнің әр түрлі талғамы, әр түрлі арманы болады. Мысалы, біреу батыр болуды арман етсе, екінші біреу акын болуды арман етеді. Сол сияқты біреу ғалым болуды арман етсе, екінші біреу шебер болуды арман етеді. Әлбетте, арман қаншама әр түрлі болғанымен, оның мазмұны біреу болуға тиіс. Ол — халыққа қызмет ету.

Аман. Рас айтасыз, аға! Мысалы, мына мен колонер шебері болуды арман етемін. Сонымен халқыма қызмет етсем деймін.

Мұқан. Дұрыс-ақ! Егер сен Алексей Стаханов, Түсіп Күзембаев немесе Жазылбек Қуанышбаев атамыздай халқыңа адал еңбек етіп, пайдаңды тигізсең, одан артық өмірде не бақыт бар?

А й д а р. Ал, мен ақын болсам деймін.
М ұ қ а н. Бұл да дұрыс! Өйткені, ақын —
елдің еркесі, адам жанының инженері. Ол
халыққа рухани дем беруші.

А х м е т. Ал, мен батыр қолбасшы болуды
арман етемін.

М ұ қ а н. Бұл да дұрыс. Ақын — елдің ер-
кесі болса, батыр — елдің серкесі, халықтың
қорғаны, мемлекеттің берік қамалы. Біздің
халық батырды сүйеді, оның есімін ардақ-
тайды.

А й д а р. Олай болса — Мұқан ағай, үшеу-
міз де қателеспеген екенбіз ғой.

М ұ қ а н. Қателескен жоқсындар, тек түсі-
нісе алмағансындар. Дүниеде өнер-білім
өте көп. Олардың бәрі де жақсы, бәрінің де
жұртқа пайдасы бар. Тек соның бірін таңдай
білу, соны жете игеру керек. Ақын атамыз
Абайдың сөзімен айтқанда, *(балалардың әр-
қайсысын жеке-жеке қолмен нұсқап)* сен де...
сен де,.. сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін
тап та, бар, қалан!

Шымылдық

Жаңа жыл кешінде

Қатынасшылар:

А з а т а
А қ ш а қ а р
В о ж а т ы й
Ұ л
Қ ы з
Б і р н е ш е о қ у ш ы

Кен бөлме. Ортада елка. Ол неше түрлі әдемі ойын-
шықтармен безендірілген. Оның бұтақтарының арасын-
да қызыл-жасыл түске боялған электр шамдары жар-
қырайды. Шымылдық ашылғанда, балалар (ішінде
вожатый бар) сол елканы қоршап алып, айналып өлең
айтып жүреді.

Б а р л ы ғ ы *(қосылып)*.

Алтын таңның аясында,
Бақытты өскен баламыз.
Еркін өмір, шат заманда
Шырқап әнге саламыз.

Жас лениншіл деген атты,
Ардақтаймыз, ақтаймыз.
Мойнымызда — галстукті
Тудай таза сақтаймыз.

Коммунисте елді сүйіп,
Адал еңбек етеміз.
Оқуда да, еңбекте де
Жеңістерге жетеміз.

Бізді өсірген еркелетіп,
Ер коммунист ағамыз.
Ертең өсіп, тез ер жетіп,
Біз де сондай боламыз.

Бөлменің іші жым-жырт тына қалады. Даладан бір қыз
жүгіріп келеді.

Қыз (*ентігіп*). Балалар, Ақшақар келе жатыр!

Көп ұзамай жылдам басып, үсті-басы ақ қармен күмістей жарқыраған Ақшақар кіріп келеді.

Ақшақар (*таңданып*). Мен қайда келдім? (*Kidipic.*) Балалар, саламатсыздар ма? Қалай көп жиналғансыңдар! Елқаларың қандай тамаша! Токта, мына елка маған таныс! Елка, аманбысың? Аяз атаның қарлы лашығының қасында тұрғаның есінде ме? Біз сені айналып жүріп, өлең айтушы едік қой... Ал, балалар, мұнда менің атам келді ме?

Барлығы. Жоқ.

Ақшақар. Онда жақсы болды. Шынын айтқанда, мұнда мен атамнан жасырынып келіп едім.

Барлығы. Неге?

Ақшақар. Мен өмірімді орман ішінде өткізіп келемін. Ішім пысады. Тым болмаса, осы Жаңа жыл күні ел аралап, балалармен бірге болайын деп едім.

Вожатый. Хош келдің, Ақшақар! Құрметпен құшақ жайып, қарсы аламыз! Бүгін бізбен бірге бол!

Ақшақар (*күрсініп*). Шіркін, адамдар арасында өмір сүрген қандай жақсы! Оқисың үйренесің, еңбек етесің, демаласың. Ішің пыса, асыр салып ойнайсың.

Осы кезде даладан бір бала жүгіріп келеді.

Ұл (*алқынып*). Балалар, Аяз ата келе жатыр!

Ақшақар (*сасып*). Ойбай, онда мені жасыра көріңдер!

Барлығы (*шулап*). Неге?

Ақшақар. Ол мені орман ішіне алып кетеді.

Балалар Ақшақарды жасырады. Осы кезде бөлменің іші тына қалады. Көп ұзамай ақырын басып — ақ киімді, ақ сақалды Аяз ата келеді. Оның қолында таяғы, арқасында қапшығы бар. Ол қырау басқан кірпігін қақпай тұрып, балаларды көзімен бір шолып өтеді.

Вожатый. Хош келдіңіз, Аяз ата?

Аяз ата. Саламатсыңдар ма, балалар? Сендерді Жаңа жылмен, көңілді каникулмен, бестік бағамен және әсем елкамен құттықтаймын! Сендерді көрмегелі көп болды, сағынып та қалыппын. (*Балаларды танып.*) Ә, Болатпысың, амансың ба? Ал, мынау кім? Майнұр емес пе? Амансың ба, Майнұр? Өздерің қалай өсіп, жігіт болып кеткенсіңдер! Тіпті тани алатын емеспін. Барлықтарыңның да дәптерлерінде кілең бестік баға шығар, солай ма? Анада маған бір бала: «Ата, менің бесім көп», — деп мақтанған болатын. Сонан соң мен оның күнделік дәптерін алып, ашып көрдім. Баланың айтқаны рас екен. Бес рет сабақтан қалыпты. Бес рет сабаққа кешігіп келіпті. Бес рет мұғалімнен ескерту алыпты. Дау жоқ, барлығы да бес. Балалар, бірақ мен сендердің бестерің ондай бестер болмас деп ойлаймын. Солай ма?

Барлығы. Солай, Аяз ата!

Вожатый. Аяз Ата, сіз кеткелі, міне, біржыл болды. Бұл бір жылдың ішінде барлығымыз да бір-бір класты бітірдік. Сөйтіп, келер класқа көштік. Кеше оның да жарты жылын аяқтадық. Және жай бітіре салғамыз жоқ, кілең бестік бағамен бітірдік. Сол үшін көбіміз бағалы сыйлықтар алдық.

Аяз ата. Дұрыс-ақ! Ол табыстарыңа мен де қуанамын. Мұнан былай да жақсы оқып, мектепті ойдағыдай бітірулеріңе шын жүрегіммен тілектестік білдіремін. Өте жақсы оқығандарың үшін мына ойыншықтарды сендерге сый қып тартамын.

Аяз ата қапшығының аузын ашып, балаларға ойыншық үлестіреді. Балалар қуанысып, оны бөлісіп алып жатады. Олар ойыншықтарды елқаның басына іледі.

Ақшақар. Ата, маған да! Маған да!

Аяз ата (*таңданып*). Ой, қалқам, сен мұнда не қылып жүрсің?

Ақшақар (*жалынып*). Ататай, орман ішінде ішім пысты. Жаңа жыл күні балалармен елқада бірге болып, кішкене ойнап-күлгім келеді.

Аяз ата (*күліп*). Қара өзінің ойыншылын! Жарайды. Балалар, «Ақшақар бүгін осында болсын», — дегендерің қолдарыңды көтеріңдерші!

Балалар (*шулап*). Қалсын! Қалсын! (*Қолдарын көтереді.*)

Ақшақар (*қуанып кетіп*). Ата, көрдіңіз бе, бәрі де, бәрі де қол көтерді.

Аяз ата. Жарайды. Балалар өтінді ғой, бүгін осында бола ғой. Япырмай, орман ішіне менің де жалғыз барғым келмей тұрғанын-ай!

Ақшақар (*жұлып алғандай*). Онда сіз де осында қалыңыз! Балалар, келіңдер, Аяз атаның бізбен бірге болуын сұрайық!

Барлығы (*шулап*). Аяз ата, қалыңыз! Қалыңыз! Бізбен бірге болыңыз!

Аяз ата (*жайланып*). Жарайды. Сендердің де тілектерің болсын, қалайын.

Вожатый. Аяз ата, сіз кеткелі бір жыл

болды, содан бері қайда болдыңыз, не көрдіңіз? Соны бізге айтып беріңізші!

Аяз ата (*сақалын сипап қойып*). О, балаларым! Мен өткен жылы сендердің араларыңнан кеткеннен бері көп жерде болып, көп елді көрдім. Азия мен Европаны басып өтіп, Америка жерін кездім. Сөйтіп, бір жыл ішінде бүкіл дүние жүзін аралап шықтым.

Қыз. Аяз ата, айтыңызшы, ол жақ қалай екен?

Аяз ата (*көңілсіз*). Несін сұрайсың, балам! «Жын-ойнақтың» ордасына айналды ғой қазір ол өлке. «НАТО» дей ме, «СЕАТО» дей ме?», «Батыс блок» дей ме. «Атыс блок» дей ме, әйтеуір... Енді «Жұлдызды соғыс» деген бір пәлені тауып алыпты...

Ұл. Аяз ата, ол елдердегі балалардың халі қандай екен?

Аяз ата. Е, қарақтарым, қараңғы түнектегі езілген ел балаларының халін сұрайсыңдар? Ең мақтаулы деген Нью-Йорк қаласында болдым. Ақ нәсілді содыр-сойқандардың кінәсіз негр баласын сүйрелеп жүріп, сокқыға жыққанын көрдім. Азаттық аңсаған Ливан деген елде болдым. Израиль агрессорларының қырғынына ұшыраған сан жүздеген ата мен ананың, аяулы сәбилердің аш-жалаңаш жүргенінің куәсі болдым. Жапон деген елде болдым. Мойындарына дорба асып, көрінгенге көзін сатып, қайыршылықпен күнелтіп жүрген нелер нәрестелерді көрдім. Е... сендердей сабақ оқып, сауық құру қайда, оларға.

Вожатый. Аяз ата, ал біздің елдегі жаңалықтарды естідіңіз бе? Биыл біздің ғалымдарымыз космосты комплексті түрде зерт-

теп, игерудің жаңа жоспарын жасап, көптеген космос корабльдерін ұшырды.

Иә, айтпақшы өткен жылы сүйікті Коммунистік партиямыздың кезекті XXVII съезі болды, ол еліміздегі коммунистік құрылыстың жаңа жолдарын сызып берді...

Ұл. Өзіміздің мектеп өміріндегі жаңалықты айтсаңызшы!

В о ж а т ы й. Иә, алдағы бесжылдықта біздің мектеп өмірінде де тамаша өзгерістер болмақ. Сүйікті партиямыз реформа жасап, мектептегі оқу-тәрбие жұмысын жақсартудың сара жолын көрсетіп берді. Біз енді соған сай оқитын боламыз. Алты жастан мектепке барамыз!..

А я з а т а. О, бәрекелді, балам, айта түс!

В о ж а т ы й. Жоқ, ата, ендігісін өзіңіз аралап, өз көзіңізбен көріңіз!

Ұл. Ал, әзірше бізбен бірге болыңыз. Өлең айтып, ән шырқайық, ойын ойнап, би билейік!

В о ж а т ы й. Ендеше, қазір Раушан бір әдемі әнді бастап жіберсін.

Қ ы з *(ортаға шығып, әнмен)*.

Біз — Отанның бөбегі,
Жаз гүліндей жайнаған.
Бакшасында бақыттың,
Бұлбұл болып сайраған.

Өмір — қызық, көңіл — шат,
Жаздың жайлы күндей.
Алда — жарқын болашақ,
Қолсозады күлімдей.

Б а р л ы ғ ы *(қосылып)*.

Біз — бақытты баламыз,
Өсіп, жігіт боламыз.

Біз — өнерпаз жас ұрпақ,
Би билейміз, ән шырқап!

Қыз *(тағы да әндепін)*.

Бізді өсірген мәпелеп,
Отанымыз — анамыз.
Бакыт берген біздерге,
Компартия — данамыз.

Партияны, Отанды
Жас жүректе сақтаймыз.
Еркін өсіп, ер жетіп,
Ел сенімін ақтаймыз.

Б а р л ы ғ ы *(қосылып)*.

Біз бақытты баламыз,
Өсіп, жігіт боламыз.
Біз — өнерпаз жас ұрпақ,
Би билейміз, ән шырқап!

А я з а т а *(Ақшақарға)*. Қалай-қалай шырқайды!

А қ ш а қ а р *(сүйсініп)*. Иә, ата, шетінен әнші екен!

В о ж а т ы й. Енді Мұрат билеп берсін!

«Кеңес» күйі тартылады. Бір бала ортаға шығады. Аз кідірістен соң билей жөнеледі. Бидің соңынан барлығы қол шапалақтайды.

А я з а т а. Ал, балалар, енді сендерге мен бірнеше жұмбақ айтайын, кәне, соны шешіңдер!

А қ ш а қ а р. Ата, жұмбақтың оңайырағын айтыңыз.

А я з а т а. Қарай гөр қуын! Ал, балалар, тыңдаңдар! *(Тақпақтата.)*

Ойыншықтан алқа таққан,
Электрден шырақ жаққан,
Ол не?

Б а р л ы ғы: Елка!
А я з а т а. Дұрыс. Тағы да... біреуін ай-
тайын.

Ақ таяғы колында,
Ойын-күлкі жолында.
Күтсе оны шартарап,
Сый дорбасын аркалап,
Жаңа жыл сайын келетін,
Келетін де бөлетін
Сыйынын бәрін сендерге,
Ол кім?

Б а р л ы ғы. Аяз ата!
А я з а т а. Е, мен екем ғой! Осы Ақшақар
сыбырлап отыр ғой деймін, ә?

Бейбітшілік тірегі,
Еліміздің жүрегі,
Жарық берген жаһанға,
Жылу төккен Отанға,
Ол не?

Б а р л ы ғы. Кремль!
А я з а т а. О, бәрежелді, жарайсындар!
Ал, енді мынаны шешіңдер!

Жаңа өмір әкелген,
Бізге бақыт әперген.
Шаттық берген еліне,
Көрік берген жеріне,
Ол не?

Б а р л ы ғы. Коммунистік партия!
А я з а т а. Дұрыс. Мұны да таптыңдар!
Жарайсыңдар! Кәне, балалар, совет халқын
жеңістен жеңіске, табыстан табысқа, бақыттан
бақытқа бастап келе жатқан сол Коммунистік
партия...

Б а р л ы ғы. Жасасын!

А я з а т а. Бақытты балалық шақ үшін
Коммунистік партияға..
Б а р л ы ғы. Рақмет!

Шымылдық

Бейбітшілік жеңеді

Қатынасұшылар:

Б а с т а у ш ы
Совет пионерлері
Вьетнам пионерлері
Француз пионерлері
Американ пионерлері
Барлығы 15 — 20 бала қатысады

Шымылдық жабулы. Сахнаның бір жак шетінде қал-
тарыста Бастаушы отырады.

Б а с т а у ш ы (*тақпақтап*).

О, балалар, балалар,
Бәрің бері қараңдар!
Көп өзгеріс боп жатыр,
Қала менен даламда.

Өтті бір жаз және кыс,
Өтті көктем және күз.
Жаңалықтың жақсысын
Еске алайық, кәне, біз.

Әрқайсысын олардың
Талдап жатып нетейін?
Тек қана ең бастысын
Сендерге айтып өтейін.

Шымылдық ашылады. Сахнаның төрінен алыстан
Москва, Кремль, Мавзолей, Кызыл алан, түрліше құры-
лыстар мен мұнаралар елестейді.

Қараңдар, ал қараңдар,
Советтік Ұлы Отанға.
Мұндай жерді көрмедім,
Кең, жазира жаһанда.

Ұлан-байтақ жері бар,
Бақытты,
бай елі бар,
Осынау ұлы өлкеде
Қандай бақыт десеңші
Өмір сүру адамға!

Оқуға,
еңбек етуге
Жол ашық мұнда жастарға,
Шығады олар өмірдің —
Өріне, биік асқарға!

Сахнаға совет пионерлері шығады. Олардың төбелерінде
Кызыл ту желбірейді. Колдарында барабан. Сахнада
Совет Одағының Мемлекеттік Гимні орындалады.

Совет пионерлері (әнмен).

Біз жастармыз, еңбекте
Шар болаттай шындалған.
Даңқымыз шарлап жер-көкті,
Әнде атымыз жырланған,

Біз — советтік пионер,
Алғы сапта болғанбыз.
Еңбекте де,
окуда —
Сан жарыста озғанбыз.

Келер күнге сенеміз
Бұдан да жарқын, көңілді,
Гүлдендіре береміз,
Бейбіт,
Еркін өмірді!

Шымылдық жабылады.

Б а с т а у ш ы.

Қараңдар, енді, қараңдар,
Қараңдар сонау Шығысқа!
Онда Вьетнам елі бар,
Болғандай көпке ол нұсқа.
Лаос,
Бирма,
Үндістан,
Қампучия —
күллі стан
Алуда үлгі-өнеге
Вьетнам елінен.

Шымылдық ашылады. Сахна төрінде, алыстан Вьетнам
елінің бейнесі (Шығыс архитектурасы стилінде салын-
ған үйлер, күмбездер, мұнаралар) елестейді. Сахнаға
сап түзеп Вьетнам пионерлері шығады. Төбелерінде
Вьетнам туы желбірейді. Сахнада Вьетнам музыкасы
орындалады.

Вьетнам пионерлері (әнмен).

Қамал болған Шығысқа,
Біз — Вьетнам ұланы.
Аңсағаны — азаттық,
Бейбітшілік — ұраны!

Ата-анамыз біздерге
Жасап берді жаңа өмір.
Енді біздер бақытты,

Тұрмыс — қызық,
шат — көңіл.

Елімізге енді жау
Баса алмайды аяғын.
Нық ұстаймыз Шығыста
Бейбітшілік жалауын!

Шымылдық жабылады.

Б а с т а у ш ы.

Қараңдар, енді, караңдар,
Франция жеріне.
Тартқан талай азап-зар
Коммунарлар еліне!

Бас иген жоқ бұлар да,
Қойған жоқ жаудан шегіне,
Мартэн, Дьен есімі¹
Белгілі шығар көбіне.

Азаттық үшін жан қияр
Талай ер бермек әлі де,
Жасар олар шабуыл
Капиталдар шебіне.

Шымылдық ашылады. Сонау сахна төрінен, алыстан Франция бейнесі (Эйфель мұнарасы, бейбітшілік көгершіні, т. б.) көрінеді. «Стокгольм үндеуі» деген жазуы бар ұрандар ұстаған бір топ француз балалары сахнаға шығады. Олар да француз халқының ұлттық киімін киген, мойындарында — галстук, қолдарында — барабан. Төбелерінде француз жалауы желбірейді. Сахнада «Марсельеза» ойналады.

Біздер — ерлер ұрпағы,
Коммунарлар Отаны.
Қанаушылар алдында
Бас игеміз жоқ әлі!

Болдырмауға соғысты,
Жолатпауға долларды,
«Стокгольм үніне»
Жүрміз жинап қолдарды.

Қол қойдырдық үндеуге,
Миллиондаған кісіге.
Үлесіміз — бұл қосқан
Бейбітшілік ісіне!

Шымылдық жабылады.

Б а с т а у ш ы.

Ал, жас достар,
енді біз
Атланттан асайық,
Американ жеріне
Аяқты енді басайық!

«Бостандықтың белгісі»
Төрінде тұр олардың.
Бірақ қазір бұл өлке —
Ұясысоғыс, тонаудың.

Уолл-стрит,
Пентагон
Соғыс ашып әлемге;
Үстемдігін жүргізбек
Бар халыққа,
бар елге.

Корей,
Орыска!

Шымалдык ашылады. Сахнаның алыс төрінен Америка Құрама Штаттарының бейнесі («Бостандық белгісі»). Уолл-стрит көшелері, Пентагон үйлері, доллар белгісі) елестейді. Сахнаға бір топ американ балалары шығады. Олар да американ халқының ұлттық киімін киген. Мойындарында — галстук, қолдарында — барабан. Төбелерінде Американ мемлекеттік жалаулары желбірейді. Сахнада Американның ұлттық Гимні ойналады.

А м е р и к а н б а л а л а р ы (э н м е н).

Қан құмарлар тағы да,
Жана соғыс бастамақ.
Адамзаттың сорына
Атом бомба тастамақ.

Біз қарсымыз соғысқа,
Болдырмаймыз өлімді,
Достық туын нық ұстап,
Қорғаймыз бейбіт өмірді!

Тілесе де соғысты,
Болмас жаудың дегені,
Біздер — көппіз,
Біз — күшті,
Бейбітшілік женеді!

Шымылдык жабылады.

Б а с т а у ш ы.

Көрдiңiздер,
Жас достар,

80

Кездіңіздер әлемді.
Араладық сіздермен
Сан өлкені,
Сан елді.

Барлық жерде — бір-ақ үн,
Барлық жерде — тілек бір.
«Бейбітшілік баянды —
Болсын!» — деп, жұрт тілеп тұр.

Көп тілеуі — дөп тілеу,
Болмақ көптің дегені.
Демек, соғыс болмайды,
Бейбітшілік жеңеді!

Шымалдық ашылады. Совет пионерлері бастаған вьетнам, француз, араб, американ, тағы басқа елдердің балалары сахнаға шығады. Олардың барлығы да өз елдерінің ұлттық киімдерін киген, қолдарында өз елдерінің мемлекеттік жалаулары мен «Стокгольм үндеуі» деп жазылған ұрандар ұстаған. Сахнада «Демократияшыл жастардың Бүкілдінеуезілік Федерациясының Гимні» ойналады.

Б а р л ы ғ ы (қосылып, әнмен).

Біз, әр елдің жастары,
Бейбітшіл өмірді аңсаймыз.
Бұл қаһарлы жылдары,
Бақытқа күреспен аттаймыз.
Түрлі жер, түрлі елде,
Мұхитта, теңіздерде,
Ал, жас өрімдер,
Кел, қол беріңдер.
Қатарға тұр, достар!

Қайырмасы:

Достық әнін шырқатады жас ұлан,
Жас ұлан, жас ұлан!

Осынау әнді өшіре алмас ешбір жан,
Ешбір жан, ешбір жан!
Біз, жастарға,
Қосылар әнмен
Барша әлем
Мұндай әнді өлтіре алмас ешбір жан!
Ешбір жан, ешбір жан!

Есімізде — зор майдан,
Ер достар есімі — жырланған.
Қасиетті төгіп қан,
Бұл достық мәңгілік шыңдалған.
Барлық адал жанды біз
Соңымыздан ертеміз,
Бақытың, халқым,
Келер күн жарқын
Біздің қолда, достар!

Қайырмасы.
Жалынды жас жүрекпен,
Айтамыз антты біз тағы да,
Көтеріміз ту көкке,
Ізгілік еркіміз жолында!
Зұлымдық күш қайтадан
Өмірге ашты аран,
Кел, адал жандар,
Біздермен қатар,
Тұр соғысқа қарсы!

Қайырмасы.

Шымылдық

Әлімнің әлегі

Қатынасшылар:

Әлім, Еркін } — бір кластың оқушылары.

С а л и х а — Әлімнің шешесі.
Б е й с е н — Әлімнің әкесі.
Ж ә м и л а — мұғалима.
О қ у ш ы б а л а л а р .

Бірінші көрініс

Бейсеннің үйі. Салиха үй ішін жинастырып жүреді. Осы кезде мектептен сумкасын сүйретіп Әлім келеді. Әлімнің қабағы салыңқы, көңілсіз. Бірақ оны Салиха байқамайды.

С а л и х а. Е, Әлім-жан, келдің бе? Хал қалай?

Ә л і м *(көңілсіз)*. Жақсы.

С а л и х а. Жаңа ғана Қайыркен келіп, саған бір кітап тастап кетті.

Ә л і м *(түсінбей)*. Мені неге тоса тұрмады екен?

С а л и х а. Асықты ғой деймін. Арифметикадан бестік алыпты. Сосын үйіне айтып барып, ата-анасын қуантпақ көрінеді.

Ә л і м *(мырс етіп)*. Еге, одан басқа адам бестік алып көрмегендей...

С а л и х а *(сөзін бөліп)*. Әлім-жан, сен де бестік алдың ба?

Ә л і м *(сасып)*. Алдым. Ана тілінен... Ауызшасынан...

С а л и х а *(көңілденіп)*. Несі бар. Жақсы болған. Құттықтаймын, құлыным. *(Әлімнің*

маңдайынан сүйеді. Әлім ыңғайсызданып қалады). Жарайды, жаным! Жаксы болған. Мен ас әзірлейін. Сен әзірше демалып, отыра тұр.

Әлім *(жасқанишақтап)*. Апа, кейбіреулер: «Өтірік айтсаң да, орнымен айт», — дейді. Сіз осы сөзді қалай түсінесіз? Өтіріктің орындысы бола ма екен?

Салиха *(немқұрайды)*. Қайдан білейін, балам, болатын шығар...

Әлім *(қуанып кетін)*. Меніңше, болатын тәрізді. Ал, бола қалса, орынды өтірік деп қандай өтірікті айтпақсыз?

Салиха. «Өтіріктің түймедей — кішке-несі, түйедей — дәуі болады», — дейді ғой жұрт. Түймедейі — орынды болатын шығар.

Әлім. Солай болар.

Осы кезде Бейсен кіреді.

Салиха. Е, міне, әкең де келді... Папасы-ау, сен не білдің? Бүгін біздің Әлім-жан тағы да бес алып келіпті ғой...

Бейсен. Міне, жігіт! *(Әлімнің арқасынан қағады.)* Дұрыс болған. Папасына тартқан. Айтсам, мақтанды дейсіңдер ғой. Мама-сы, сен күлме! Расында да, мен мектепте оқып жүргенде ылғи бестік баға алушы едім. Бірақ менің Әлім сияқты әке-шешем болмады. Балалар үйінде тәрбиелендім. Сондықтан ешкімге айтып мақтанып келе алмаушы едім. Демек, ешкімді де қуанта алмаушы едім. Әлімге жаксы — әкесі бар, шешесі бар. Өзін де, өзгелерді қуанта алады. Жарайсың, ұлым, осы бетіңнен тайма! *(Тақпақтап.)*

Ерте оқы, кеште оқы.
Бірақ ылғи беске оқы,—

деген екен бір ақын баласына бата беріп жатып. Менің де айтарым сол.

Салиха. Жарайды, сабақтан шаршап келген баланың басын қатырмайық. Қой, мен неге тұрмын. Барып Әлім-жанға тамақ әзірлейін.

Шығуға ыңғайлана береді де, тоқтайды.

Бейсен. Тоқташы, мамасы. Тағы да бір нәрсе есіме түсіп кетті. Балалық, шіркін, қызық қой. Талай тамашалар жасаушы едік. Бізде Үсен деген бір бала болды. *(Әлім де зейін қоя тыңдайды.)* Сол бала есіктен: «Еңкейген бестік алдым», — деп айғай сала кіретін. Онысына көбіміз түсінбей, көпке дейін нанып та жүрдік. Кейін білсек, оның «еңкейген бестік» дегені — екілік екен. Ал, кей күні үндемей келеді. «Не десек?» «Жай бестік», — дейді көңілсіз. Бестік алған бала қуанушы еді, ал мынаның қабағы неге салбырап кеткен деп, бір күні оның күнделігін тексерсек, үштік алыпты. Бірақ үштіктің жоғарғы мұртын түзетіп, жөндеп қойыпты.

Осы кезде Әлімнің өңі бұзылып кетеді.

Салиха *(түсінбей)*. Мұртын жөндегені несі? Үштіктің мұрты бола ма екен?

Бейсен *(сабырмен)*. Болғаны ғой, демек. Былайша айтқанда, үштік цифрін бестік цифріне айналдырып қойыпты.

Салиха *(күліп)*. Қойшы, тәйірі! Оқушы өз күнделігін жөндегенімен, мұғалімнің қолындағы журналды жөндей алмайды ғой.

Бейсен. Несі бар. Журналда не болса — ол болсын. Ал өз күнделігі дұрыс болса — болғаны.

Салиха (таңданып). Сонда ол күнделік кімге керек? Онымен ол не істемекші?

Бейсен (сабырмен). Жатақханада бірге жатқан біз сияқты өз достарын алдайды да.

Салиха (таңданып). Достарын алдайды? Сонда одан не түседі?

Бейсен. Түк те түспейді. Аз күн болса да, ұялмай жүреді.

Салиха. Әй, «Өтіріктің өрісі тар» деген емес пе? Онымен ол алысқа бара алмайды ғой.

Бейсен. Қайтесің... Бала болған соң...

Салиха. Бұл балалық емес, шалалық қой.

Бейсен. Иә, шалалық. Бірақ кейбір балалар: «Өтірік айтып, оңай құтылып кетуге болады», — деп ойлайды да, өзінің қалай торға түсіп қалатынын ескермейді.

Өтірік, өсек, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ —
Бес дұшпаның Білсеңіз,—

деп ұлы Абай айтқан ғой. Көптеген балалар өтіріктің дұшпан екенін біле бермейді, білген күннің өзінде де біреулері байқамай, ал екінші біреулері әдейі айта береді, Сонсоң артынан барып, сол өтірігі үшін өздері опық жейді.

Салиха. Папасы, сен осының бәрін неге айтып тұрсың? Әлде бір нәрсеге күдігің бар ма?

Бейсен (сасып). Жо-жоқ! Олай дей көрме! Біздің семьяда ондай өтірік айтатын

адам жоқ. Демек, біздің үйде тек шындық, әділдік және ақиқат қана орын алуға тиіс.

Салиха. Онда ұзақ фәлсапанды қой. Сабақтан шаршап келген баланың басын ауыртпа. Отырып, демалыңдар. Мен асханаға барайын.

Шығып кетеді. Әлім әкесіне бірдеме айтпақ сыңайда. Бірақ айта алмайды. Мұны сезген Бейсен оның қасына келеді.

Бейсен (жақындап). Немене, Әлім, маған бірдеме айтқын келіп тұр ма?

Әлім (сасып). Жо-жоқ!

Бейсен. Қой, жасырма, көзіңнен көріп тұрмын. Оның үстіне бірдеме айтайын дегендей, ернің де жыбырлап тұр. Сырды тек дұшпаннан ғана жасыру керек. Достан жасырмас болар. Ал, баласының әкесінен жасыратын сыры болмауға тиіс.

Әлім (қысылып). Онда сенен бір нәрсе сұрайын деп едім.

Бейсен (тіке). Сұрай ғой.

Әлім (қысылып тұрып). Осы кейбіреулер: «Өтірік айтсаң, орнымен айт», — дейді. Әке, сіз мұны қалай түсінесіз? Өтіріктің орындысы, орынсызы бола ма? Егер бола қалса, орынды өтірік деп қандай өтірікті айтамыз, орынсыз өтірік деп қандай өтірікті айтамыз?

Бейсен. Өтіріктің орындысы, орынсызы болмайды. Өтіріктің бәрі — өтірік.

Әлім. Жарайды, солай-ақ болсын. Ал кейбіреулер: «Сөздің шынына сенбе, қисынына сен», — дейді.

Бейсен. Бұл да бос сөз. Сөздің шынына нану керек, қисынына сенбеу керек. Рас, өтірікті шындай қисындырып соға беретіндер

де бар. Бірақ бұл жақсы қылық емес. Мәселен, қазақта «Қырық өтірік» деген ертегі бар. Атының өзінен де көрініп тұр. Онда айтылғандардың барлығы шылғи өтірік. Бірақ айтушы қисындырып құрастырған. Ал соған нануға бола ма? Әрине, жоқ. Демек, сөздің қисынына емес, ақиқатына нану керек.

Әлім (*мойындап*). Жарайды, солай-ақ болсын, ал өтіріктің түйедей үлкені, түймедей кішкентайы бола ма?

Бейсен (*сәл ойланып*). «Түйедей үлкені, түймедей кішкентайы»... Иә, иә, қайда, бір жерде естігенім бар.

Әлім (*қуанып кетіп*). Демек, өтіріктің түйедей үлкені, түймедей кішкентайы болады екен ғой. Ендеше, түйедей үлкені деп қандай өтірікті, ал түймедей кішкентайы деп қандай өтірікті айтамыз?

Бейсен (*тіксініп*). Сен не деп тұрсың?

Әлім. Менің ойымша, өтіріктің түйедей үлкені де, түймедей кішкентайы да болады. Түйедей деп орынсыз айтылған үлкен өтірікті айтамыз да, түймедей деп орнымен айтылған кішкентай өтірікті айтамыз.

Бейсен (*зілді*). Жоқ, өтіріктің түйедей үлкені де, түймедей кішкентайы да болмайды. Өтіріктің бәрі — бір өтірік. Түймедей өтіріктің түйедей өтірікке айналып кетуі оп-оңай.

Әлім (*мұңайып*). Ә, солай ма?.. (*Ойланып қалады.*)

Бейсен (*көңілді*). Солай, ұлым. (*Шығып кетеді.*)

Әлім (*жалғыз ойланып*). Шынында да, мен бестік емес, төрттік баға алған едім. Жай төрттік емес, қосу белгісі бар төрттік. (*Өкініп.*) Шешеме осы шындықты неге айтпадым

екен? Жалған айтатындай жаным соншалық не қысым түсті? (*Ойланып*). Жарайды, болған іс болды, енді ештеңе дей алмайсың. (*Өзін-өзі жұбатып.*) Иә, жұрт айтқандай, өтіріктің түйедей үлкені де, кішкентайы да болады емес пе?! Бестік пен қасында қосу белгісі бар төрттіктің қандай айырмасы бар. Тіпті, ешқандай да айырмасы жоқ. Демек, менің кішкентай төрттігім мен шындықтың арасында да ешқандай айырма жоқ. Түймедей өтірікті кім байқар дейсің. (*Қолына күнделігін алып ақта-ра бастайды.*) Күнделігім жаман емес тәрізді. Ылғи бестік баға. Көздері жаудырап тұр. (*Қысылып.*) Тек мына ана тілінің ауызшасынан ғана төрттіктің тұрғанын көрмейсің бе... Кілеңбестіктің арасында көзге шыққан сүйелдей, ерекше одыраюын қарашы! (*Сырттан дыбыс естіледі.*) Қой, күнделігімді әрірек тығып қояйын. Бұл қалпында біреу көрсе ұятты. (*Күнделігін тығады. Салиха кіреді.*)

С а л и х а. Құлыным, кішкене отыра тұр. Тамақ қазір дайын болады. Айтпақшы, босқа қарап отырғанша, сенің күнделігіңді көре отырайын. Қәне, маған күнделігіңді берші. Қол да қою керек шығар. Көптен бері көргем жоқ, қол да қойылған жоқ.

Ә л і м (*жақтырмай*). Күнделікті қолымызға берген жоқ.

С а л и х а (*таңданып*). Неге?

Ә л і м (*сасып қалып*). Мұғалимамыз ауырып қалды. (*Өзі қызарып кетеді.*)

С а л и х а. Жәмила ма? Оған не болды екен?

Ә л і м. Көшеде келе жатып... Сүрініп кетіп... Жығылып қалып... қолын шығарып алыпты...

С а л и х а *(аяп, жаны ашып)*. Қиын болған екен.

Ә л і м *(қысылып)*. Иә, солай, қиын болып тұр.

С а л и х а. Мұғалимаң жазылады, көңіліңе ештеңе алма, жаным. Қой, мен тамақ әкелейін. *(Кетеді.)*

Ә л і м *(жалғыз ойланып)*. Бұл не боп барады өзі. Бір өтіріктің бетін жабамын деп, екінші бір өтірікті айттым. Бұл өтірігім алғашқы өтірігімнен әлдеқайда үлкен. Сау адамды ауру деп айтуға қалай ғана аузым барды екен. Қайтейін, өзім де сасып қалдым. Тосыннан қойылған сұраққа бірден жөнді жауап бере алмадым. Қап, алдын ала ойланбағанымды қарашы. *(Өкініп.)* Менің өтірігім барған сайын үлкейіп барады. Ол басында түймедей еді, ал қазір түйедей болмаса да, ботадай болып қалған шығар.

Бейсен кіреді.

Б е й с е н. Немене, тамақ әлі әзір болған жоқ па?

Ә л і м *(сасып қалып)*. Қазір, мамам әкеледі.

Қолында кеспе құйылған ыдысы бар Салиха кіреді. Табақты столдың үстіне қояды. Әлім қасық, пышақ әкеледі. Үшеуі стол басына отырып, тамақ іше бастайды. Әлім шеткерірек отырады.

С а л и х а. Папасы-ау, сен не білдің? Мына Әлімнің мұғалимасы ауырып қалыпты.

Ә л і м *(теріс қарап, өзіне-өзі)*. Бүлдірді-ау, мына мамам, қарап отырмай, оны папама айтып несі бар еді?

Б е й с е н. Не дейді? Қайсысы?

С а л и х а. Әлгі қазақ тілінен беретін ше? Аты кім еді? *(Әлімге қарап.)*

Ә л і м *(не істерін білмей, амалсыз)*. Жәмила!..

Бейсен. Ә, Жәмила ма? Қап, әттеген-ай, қиын болған екен. Қай жері ауырады екен? Көптен сырқат па?

С а л и х а. Тобығы шығып кетіпті. Әлім айтты.

Ә л і м *(өзіне-өзі теріс қарап)*. Қап, мына мамамды-ай! Менің атымды қоспаса, сөзінің дәмі кірмейтіндей, осы ылғи «Әлім, Әлім» дейді де тұрады.

Б е й с е н *(Әлімге қарап)*. Рас па?

Ә л і м *(төмен қарап)*. Рас.

Бейсен *(ойланып)*. Иә, қиын болған екен. Жарайды. Бірақ ештеңе етпес. Жазылып кетер. Қазір жер тайғақ. Байқап жүру керек. *(Сағатына қарап.)* Қой жұмысқа кетейін. Уақыт болып қалыпты. *(Бейсен тамақты ішіп болып, киініп шығып кетеді. Салиха стол үстіндегі ыдыс-аяқтарды жинастырады.)*

Әлім *(жалғыз)*. Қап, мына мамамды-ай! Қарап отырмай, папама айтып қойды. Менің екі өтірігімнің екеуін де папам естіді. Бір ғана мамамның өзі естіп, біліп қана қойса, ештеңе етпес еді. Көп болса, бір ұрысар да қояр еді. Ал, папам... Ол өзі өтірік айтпайды және өтірік айтқан адамды өмірі кешірмейді. Енді не істесем екен? Әлде әзір соңынан барып, шын-дығымды айтып, кешірім сұрасам ба екен? Әлі де кеш емес қой. *(Ойланып.)* Әлде... Әлде... Кім біледі?.. Өтірігім түймедей-ақ қой... Бәлкім, байқамай кетер. Сонын күтейін...

Екінші көрініс

Класс іші. Стол басында Жәмила, партада оқушылар отыр. Жәмила орнынан тұрып сабақ бастайды.

Жәмила. Жақатаев, кеше үйге қандай тапсырма беріліп еді. Кәне, соны айтшы!

Еркін *(орнынан тұрып)*. Сын есім және оның түрлері.

Жәмила. Солай де. Жарайды, онда орнына отыра ғой. *(Еркін отырады.)* Ал, Бейсенов, сен айтшы, сын есім деген не және оның қандай түрлері болады?

Әлім *(орнынан тұрып)*. «Заттардың түрін, түсін, сипатын білдіретін сөз таптарын сын есім дейміз.» Сын есім қай? қандай? қайсысы? деген сұрақтарға жауап береді. Мәселен, биік мектеп, алтын қалам, кара сия, ақ қағаз.

Жәмила. Жақсы, ал сын есімнің қандай түрлері бар? Енді соны айт.

Әлім. Сын есімнің екі түрі болады. Бірі — түбір сын есім, екіншісі — туынды сын есім. Түбір сын есім деп жалғау және жұрнақ жалғанбай-ақ, бір заттың түрін, түсін, сипатын көрсететін сын есімді айтады. Мәселен, ақ, кара, биік, аласа, тағы сол сияқты. Ал, бір заттың түрін, түсін, сипатын жұрнақ пен жалғау жалғану арқылы білдіретін сын есімді туынды сын есім дейміз. Мәселен, үлкенірек, биігірек, аппақ, қап-кара, тағы басқалар.

Жәмила. Жарайды, жақсы. *(Журналға баға қояды.)* Күнделігіңді әкел. *(Әлім күнделігін әкеліп Жәмилаға береді. Жәмила күнделікке үңіліп.)* Күнделікте неге ата-аналарыңның қолы жоқ? Неге қол қойдырмағансың?

Әлім *(сәл қызарып)*. Папам үйде болмады.

Жәмила. *(таңырқап)*. Ол кісі қайда?

Әлім. Командировкаға кеткен.

Жәмила. Ал, мамаң ше?

Әлім. Ол қол қоя алмайды.

Жәмила. Неге? Неге қол қоя алмайды?

Әлім *(төмен қарап)*. Мамам... қолын... күйдіріп...

Жәмила *(үрейлене қарап)*. Не болды? Қалайша?

Әлім *(кекештеніп)*. Кеше кешке... Менің мамам... кешкі тамақты әзірлеймін деп жүріп... қолын күйдіріп алды...

Жәмила *(аяп)*. Қиын болған екен. Уланып қалған жоқсыңдар ма, әйтеуір?

Әлім. Мамам уланып та қалды.

Жәмила *(аяп, басын шайқап)*. Апырай, қиын болған екен... *(Жәмила Әлімнің күнделігін өзіне береді.)* Бар, орнына отыра ғой. *(Әлімнің екі беті қызарып, өз орнына отырады.)*

Әлім *(бетін басып жылайды)*. Ың-ың-ың.

Жәмила *(тұрып орнынан)*. Балалар, естіп отырсыңдар ма, Әлімнің мамасы ауырып қалған көрінеді. Сендер Әлімнің үйіне барып, мамасының денсаулығын, көңіл күйін сұрап қайтыңдар. Бәлкім, дәрігер де шақырту да керек болар.

Қоңырау қағылады, Жәмила балалармен қоштасып, кластан шығады. Бірақ балалар соның соңынан кетеді. Сахнада жалғыз Әлім ғана қалады.

Әлім *(жалғыз)*. Не болып барады өзі? Өтірігімбарған сайын өсіп барады. Басында түймедей ғана еді. Ал бүгін ше? Бүгін дәуде болса, түйедей болған шығар. *(Ойланып.)* Ал,

ертең қандай болар екен? Папам маған: «Түймедей өтіріктің түйедей болып кетуі қиын емес», — деп еді. Сол рас болды-ау! Мұны енді кімге айтсам екен, қалай тоқтатсам екен? Кешеғой, папамның соңынан қуып барып, расымды айтқанда, бәрі сонымен тамам болатын еді. Ал бүгін тіпті өз өтірігіме өзім ие бола алмай барамын. *(Ойланып.)* Әлде Еркінге айтсам ба екен? Дос қой. Түсінер. Бірақ мына қасындағылар естіп қойса, бірден ду етіп, жұрттың бәріне жайып жібереді-ау. Сонан соң «суайт Әлім» атанам да кетем. Оңаша бір шығар, күте тұрайын.

Осы кезде қасында бір топ бала бар Еркін сахнаға қайта шығады. Әлімнің қасына келіп, оны құшақтайды.

Еркін. Ренжімеші, Әлім! Мамаң әлі-ақ жазылады. Дәрігерге телефон соғамыз.

Әлім *(жақтырмай)*. Дәрігерді әуре қылып қайтесіңдер. Мамам өзі-ақ жазылып кетер. Өзін-өзі емдеп жатқан.

Еркін *(шошып кетіп)*. Ойбай-ау, дәрігердің кеңесінсіз өзін-өзі емдеуге болмайды ғой. Ауруды ушықтырып, асқындырып алады ғой.

Әлім *(теріс қаран)*. Қап, тағы да бүлдіріп алдым-ау! Емінде нем бар еді?! Енді қайттім?

Еркін. Қайтетін түгі де жоқ. Сен алаңдамай, үйіңе бара бер. Біз кейінірек барамыз.

Әлім *(тағы да теріс қаран)*. Қап, мыналарды-ай! Кенеше жабысып, қалмай қойды-ау соңымнан... Енді не істесем екен?

Еркін. Ештеңе істейтін түгі де жоқ. Үйіңе бара бер. Иә, айтпақшы, әлгінде Жә-

мила апай өрт сөндірушіге де хабарлаңдар деп еді ғой. Соларға да ескертеміз.

Әлім *(шошып кетіп, өзіне-өзі)*. Тағы да не пәлені шығарды?

Еркін. Түк те пәлесі жоқ. Бұл — қажетті шара.

Әлім *(тағы да теріс қаран)*. Мынау енді өрт сөндірушіні шақырып, шатақ шығарады-ау!

Еркін. Түк те шатағы жоқ. Олар келеді де, сендердің газ плиталарыңды көріп, тексеріп, жөндеп беріп кетеді.

Әлім *(торығып)*. Қап мынаны-ай!

Еркін. Ал, біз кеттік. Қош-сау бол. Мамаң сәлем айт. Біз келеміз.

Еркін бастаған бір топ бала сахнадан шығып кетеді. Сахнада Әлім жалғыз қалады.

Әлім *(түнеріп)*. Не болып барады бұл дүние? Бүлінетін болды ғой барлығы. Жедел жәрдем келеді. Өрт сөндіруші шақырады. Сонда қалғаны жалғыз милиция ғой. Мына бетіммен жүре берсем, оған да жетермін. *(Ойланып.)* Әлде басқа бір ретін табу керек шығар. *(Жадырап.)* Қой, Еркінге тезірек жетейін. *(Сахнадан мойнын созып қараған болады.)* Қап, алыстап кетіпті-ау! *(Басылып қалады. Кенет өзгеріп.)* Айтпақшы, олар біздің үйге барамыз деді ғой. Мен мұнда ойланып-толғанып тұрғанда, олар барып та қояр. Ал олар үйге бара қалса, менің бар сырым ашылады да қалады. Қой, одан да тезірек үйге жетейін. Сонсоң Еркіндерді үйге кіргізбеудің амалын қарастырайын. *(Жүгіріп сахнадан шығып кетеді.)*

Үшінші көрініс

Бейсеннің үйі. Сахнада Салиха мен Бейсен.

С а л и х а. Ең болмаса, демалыс күні үйде отырсаң не етеді? Басқа күндері үнемі жұмыстамыз. Қазір Әлім де келетін шығар. Оныңды сонда сөйлесерміз.

Бейсен *(желкесін қасып)*. Иә, мұның жөн. Кейде жұмыс, жұмыс деп жүріп, үй ішімізге де, бала-шағамызға да қарамай кететініміз бар.

С а л и х а. Бірақ бұған жұмыс айыпты емес, өзіміз айыптымыз. Уақытымызды дұрыс пайдалана білсек, бәріне де, тіпті оқуға да, демалуға уақыт табылады.

Бейсен *(Салиханың жанына келіп, арқасынан қағып)*. Осы Әлімнің мамасы данышпан деймін. Айтқандарының бәрі орынды. Солай ету керек. Уақытты дұрыс пайдалана білген жөн!

С а л и х а. Мұны екеуміз де жақсы білеміз. Тек іс жүзінде орындамаймыз. Әсіресе, бала тәрбиесі екі адамға бірдей нәрсе. Ал, ер бала шешесінен гөрі әкесіне жақын тұрады. Менен гөрі сенімен әңгімелескенді жақсы көреді. Ал сен болсаң, Әліммен әңгімелеспейсің, оның оқуына, тәртібіне, жалпы ішкі сырына көңіл бөлмейсің.

Бейсен. Оның дұрыс. Бұдан былай есте болсын. Жарайды, мен бір жерге барып келе қояйын. *(Шығып кетеді. Осы кезде Әлім кіреді. Қолында сумкасы бар.)*

С а л и х а. Міне, Әлім де келді. Тоңған жоқсың ба?

Әлім *(көңілсіз)*. Жоқ, тоңғам жоқ.

С а л и х а. Жәмила қалай екен? Жазылмап па?

Әлім. Білмеймін.

С а л и х а. Немене, оның көңілін сұрауға барған жоқсыңдар ма?

Әлім. Жоқ.

С а л и х а. Оларың жарамаған екен, құлыным.

Әлім *(төмен қарап)*. Есімізге келмепті.

С а л и х а. Ештеңе етпес. Ертең екеуміз барып көңілін сұрап шығамыз.

Әлім а. Қазір үйінде жоқ. Қала сыртындағы ауруханаға алып кетіпті.

С а л и х а. Ештеңе етпейді. Сонда да табамыз.

Ауыз белмеге Еркін бастаған бір топ бала кіреді. Еркін рұқсат сұрап, төргі бөлменің есігін қағады. Әлім есікке жүгіреді.

Әлім *(есікті ештеңе ғана ашып, сыбырлап қана сөйлейді)*. Ақырын! Шуламаңдар! Еркін, қазір кіруге болмайды.

Еркін *(таңданып)*. Неге?

Әлім. Мамама дәрігер келіп: «Үндемеңіз, қозғалмаңыз, үйіңізге ешкім кірмесін»,— деп кетті. Сендер кірсеңдер алаңдап басын көтереді ғой. Сонсоң бойына ем қонбай қалады...

Еркін *(ыңғайсызданып)*. Жарайды, онда кешірерсің. Тек сен ренжіме, көп ойлай берме. Біз тағы келеміз.

Балалар кетеді. Әлім жалғыз. Ауыр ойда.

Әлім. Бір пәледен құтылдым. Олар менің сөзіме сеніп кетті. Несі бар? Ертең айтам: «Дәрігер келіп емдеді, жазылып кетті»,—

деймін. Сонымен, бұл мәселе басылады: *(Өңі кіріп қуанып.)* Әй, шіркін, өзім-ай! Аяқ астынан амалын таптым-ау! *(Әлім төргі үйге кіреді.)*

С а л и х а. Келгендер кім екен?

Ә л і м. Еркін ғой.

С а л и х а. Ол неге үйге кірмей кетті?

Ә л і м. Оның етігі жыртық көрінеді.

С а л и х а. Е, немене, етігі жыртық адам үйге кірмейді ме?

Ә л і м. Оның етігіне қар кіріп кетіпті. Үйге кірсем, еріп, еденді былғаймын ба деп көнбеді.

С а л и х а. Сен бекер еткенсің. Үйге кіргізуің керек еді. Жолдасты әрқашан жақсы қарсы алу жөн. Жарайды. Тамақ дайын. Бәрі, әне, ас үйде тұр. Әлгі әкең неге кешігіп жатыр. Қазір ғана келем деп еді. Мен барып, ертіп келлейін. *(Киініп, шығып кетеді.)*

Ә л і м *(жалғыз, қапаланып)*. Не болып барады өзі? Барған сайын өтіріктің батпағына батып бара жатқан сияқтымын. Бұл пәле басында түймедей-ақ еді, ертеңіне, жоқ, сол күні-ақ, ботадай болды. Келесі күні тайлақтай тайраңдап шыға келді. Ал бүгін атандай болып қалған шығар-ау! Мұның ақыры немен бітер екен? «Түймедейден түйедей». ...Қалайша түйедей болмақ?.. *(Ойланyp.)* Егер, түйедей болса, қайтпекпін?.. *(Осы кезде Жәмила кіреді.)*

Ә л і м *(сасып қалып)*. Апай, амансыз ба?

Ж ә м и л а. Амансың ба, Әлім? Мамаңның денсаулығы қалай? Көңіл күйі жақсы ма?

Ә л і м. Мама... Менің мамам... Қазір үйде жоқ. Оны қаланың сыртындағы ауруханаға алып кетті.

Ж ә м и л а. Қапаланба дедім ғой, мен саған, Әлім. Қапаланба, мамаң жазылады. Мен бүгін ауруханаға барып шығамын. Егер қаласаң, бірге барайық.

Ә л і м. Жарайды, бірге барайық.

Ж ә м и л а. Сен онда күте тұр. Мен дүкенге барып келе қояйын.

Ә л і м. Жарайды. *(Жәмила кетеді. Әлім жалғыз. Терең ойда. Көңілсіз.)* Не істесем екен? Папам мен мамам дүкенге кетті. Ал Жәмила апай ше? Ол да сонда кеткен шығар. Өйткені: «Дүкенге барып келейін», — деді ғой... Енді қайттім, егер үшеуі дүкенде кездесіп қалса ше? Немесе ауырып жатыр деген екі адамым бір-біріне жол үстінде ұшырасып қалса ше?.. Ой, онда маскара болдым. Мүмкін, Жәмила апайды қуып жетіп, тоқтатсам ба екен?.. Қой, сүйтейін, әйтпесе, маскара болармын. *(Әлім жүгіріп шығып кетеді.)*

Аздаған үзіліс. Жәмила мен Әлім қайта кіреді. Жәми-
ланың түсі суықтау, Әлім алқынып тұр.

Ж ә м и л а. Жаңағы айтқандарыңның барлығын бірін қалдырмай жолдастарыңның алдында айтып беруге ерлігің жете ме?

Ә л і м *(батылданып)*. Әбден жетеді. *(Есік қағылады.)*

Д а у ы с т а р. Кіруге бола ма?

Ж ә м и л а. Кіріңдер. *(Еркін бастаған балалар кіреді.)*

Е р к і н. Е... апай да осында екен ғой. Сәлеметсіз бе? *(Әлімге.)* Ал мамаңның халі қалай? Дәрігер не деді? Тезірек жазылады дей ме? *(Әлім үндемейді, басы төмен түсіп кеткен.)*

Жәмила. Балалар, Әлім өзінің басынан кешірген бір оқиғасын сендерге айтып береді. Тыңдаңдар! Сөз Әлімге беріледі. Ал, Әлім, сөйле! *(Дәл осы кезде Бейсен мен Салиха кіреді. Балалар таңданып бір-біріне қарайды. Салиха мен Бейсен де аң-таң.)*

Жәмила. Міне, ағай мен апай да келді. Сәлеметсіздер ме? Жоғары шығыңыздар. Әлім, сен айта бер...

Әлім *(ортаға шығады. Басы төмен салбырап кеткен. Жан-жағына бір қарап алып, сөйлей жөнелді.)* Жолдастар, мен өзімнің осы ардақты ата-анамның алдында, құрметті де сыйлы ұстазым — Жәмила апайдың алдында, өзімнің парасатты достарым сендердің алдарыңда аса ұяттымын. Мен: «Ана тілінің ауызшасынан бестік алдым», — деп мамамды алдадым. Шынында, мен төрттік алып едім, қасында қосу белгісі бар...

Салиха. Ах! Не дейді?..

Әлім. Бұл өтірігімнің ізін жабу үшін: «Жәмила апай ауырып жатыр», — деп мамамды екінші рет алдадым...

Салиха *(күрсініп)*. О! Жасаған! Сорлы басым қайдан білейін...

Әлім. Ал класта: «Мамам ауырып қалды, ауруханада жатыр», — деп, Жәмила апай мен парталас достарым, сендердің алдарыңда етірікші болдым.

Еркін. Мәс-саған, безгелдек!.. Сеніп көр бұған осыдан кейін...

Әлім *(жылап)*. Мен қателестім... Түймедей өтіріктің көзді ашып-жұмғанша түйедей болатынын, өтіріктің бәрі — бір өтірік екенін жаңа ғана түсіндім. *(Өксіп-өксіп жылайды.)*

Салиха. Алда, қарағым-ай, менің сөзімді құп көріп қалған екен ғой...

Бейсен. Енді қалай деп ойлап едің? «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» деген мақалды білмеуші ме едің... Айттым ғой мен саған, баланың көзінше өтірік айтпа деп.

Жәмила *(Бейсенге)*. Ағай, тоқтай тұрыңыз. Семьядағы бала тәрбиесі жөнінде кейін сөйлесеміз. Жылама, Әлім, айта бер!

Әлім *(бойын жиып)*. Құрметті Жәмила апай, аса ардақты ата-анам, парталас достарым, менің түймедейден түйедей болған үлкен кінәмды кешіріңіздер. Ардақты ата-анам, құрметті ұстазым, қымбатты достарым, сіздердің алдарыңызда бұдан былай мұндай орынсыз да ұятсыз қылық жасамауға пионерлік сөзімді беріп, оқушылық арыммен ант етемін. *(Салют береді.)*

Жәмила *(залға қарап)*. Міне, балалар, Әлімнің басынан өткен бір өкінішті тарихы осындай!

Шымылдық

Жас пионерлер жыры

Әні Б. Ғизатовтікі

Біз — Ильичтің ұрпағымыз,
Ұлы Отанның ұлымыз.
Мойнымызда — от галстук,
Қолда — қызыл туымыз. } 2 рет

Шынығамыз шар болаттай,
Өседі жас санамыз.
Оқуда да, еңбекте де
Үнемі алда боламыз. } 2 рет

Халық үшін қайрат жұмсап,
Елге арнаймыз өмірді.
Үлкендерден үйренеміз
Күрестерде жөнуді. } 2 рет

Дақ салмаймыз халқымыздың
Ежелгі ерлік салтына.
Біз пионер, қосамыз даңқ
Коммунистер даңқына! } 2 рет

Бұл — Ленин бабамыз

Әні П. Момыновтікі

Үйімізде, төрімізде
Портретте тұрған кім?
Кімнің жүзі таныс бізге,
Бізге жақын, туған кім?

Бұл — Ленин бабамыз,
Бұл — Ленин данамыз!

Бар баланы бауыр басып,
Сонша жақсы көрген кім?
Барлық жерден мектеп ашып,
Бақша салып берген кім?

Бұл — Ленин бабамыз,
Бұл — Ленин данамыз!

Туған елге шат замана
Туады деп сенген кім?
Елімізге, бар балаға
Бақытты өмір берген кім?

Бұл — Ленин бабамыз,
Бұл — Ленин данамыз!

Оқушы жастар жыры

Әні Б. Байқадамовтікі

Біз — советтің оқушы жастарымыз,
Ғылым шыңы — шығатын асқарымыз.
Ұланымыз Отанның еркін өскен,
Игілікке бөленген жас жанымыз.

Қайырмасы:

Советтік Отанда
Жол ашық жастарға.
Өсеміз, өрлейміз,
Басамыз тек алға!
Оқумен, өнермен,
Көңілді өлеңмен,
Шарықтап шығамыз —
Өмірлік кең жолға!

Біз туғанбыз жаңа өмір, жаңа таңда,
Күн төккенде шұғыласын барлық жанға.
Балдан тәтті, балалық, жастық дәурен,
Күндей жарқын келешек зор одан да.

Қайырмасы.

Біз өскенбіз бақытты, шат заманда,
Правомыз жазылған алтын заңда.
Жастық әнін, жүректің жас жалынын,
Махаббатын арнаймыз Ұлы Отанға.

Қайырмасы.

Кремль жұлдызы

Әні. Т. Тайбековтікі

Күндей күліп Кремльден
Қызыл жұлдыз қарайды.
Оның жарқын түр, өңінен
Алтын сәуле тарайды.

Осы жұлдыз сәбилерге
Бақыт нұрын төгеді.
Аялайды, әлдилейді,
Беттерінен өбеді.

Осы жұлдыз жас жандарды
Бөлеп шаттық нұрына,
Жетелейді асқарларға,
Бастайды өмір шыңына.

Жарқырасын, жайнай берсін
Ұлы өмірдің жұлдызы!
Сол өмірдің гүлі сенсің,
Отанымның ұл-қызы!

Менің Отаным

Әні Ә. Байділдаевтікі

Отан — менің ата-анам,
Отан — досым, бауырым.
Отан — өлкем, астанам,
Отан — аудан, ауылым.

Отан — тарих, Отан — тіл,
Жасаған елім, ер халқым.
Отан — өлең, Отан — жыр,
Көтерген көкке ел даңқын.

Отан осы, достарым,
Көңілге мұны түйе біл!
Отан деп өссін жас жаның,
Оны ардақтап, сүйе біл!

Достық жыры

Әні Ә. Еспаевтікі

Шарлады аспан астын жастық жыры,
Кернеді көкіректі шаттық үні.
Кел, достым, би билейік, ән шырқайық,
Шынайы шын достықты таптық, міне.

Қайырмасы:

Кел, жырлайық, дос, бауыр,
Төгілсін жыр, ақсын күй!
Достыққа — жоқ тосқауыл,
Шексіз, шетсіз — ән мен би!

Дүние сөйлесе де түрлі тілде,
Бәрінің ойы бірге, мұңы бірге.
Кел, достым, біз де бірге ұмтылайық
Сәнді өмір, бейбіт еңбек, жарқын күнге!

Қайырмасы.

Сүйсең сен өз еліңнің жерін, суын,
Жайнасын десең — өлкең, орман-нуын.
Тамырын татулықтың жайып терең,
Жоғары көтерейік достық туын!

Қайырмасы.

Қыста қызу жұмыс бар

Әні Б. Жұманиязовтікі

Көктің жүзін бұлт торлап,
Жерді жапса күміс қар,
Үйде ұстамақ кім зорлап,
Қыста қызу жұмыс бар!

Көше бойы омбы қар,
Жиналамыз топтала.
Деместен бет домбығар,
Соғамыз зор ақ қала.

Ауыл сырты биік қар,
Бізді күтіп тұр қарап.
Шың басына шығып ап,
Жөнелеміз сырғанап.

Бағбан бала

Әні Н. Меңдіғалиевтікі

Көрдім бір гүл бақшаны,
Жапырағы жайқалған.
Жаздың жайлы желімен
Ырғатылып, шайқалған.

Бұтақтары бой түзеп,
Қанат жайған, ұзарған.
Айдай толып алмасы,
Сарғыштанған, қызарған.

Тал бойында бір мін жоқ,
Ішін таза сақтаған.
Тұмсықтылар шоқымай,
Қанаттылар қақпаған.

Сұрастырсам: бұл ара —
Бұрын тақыр дала екен —
Мұнда бақша өсірген —
Анау, бағбан бала екен!

Ленин туралы баллада

Әні М. Маңғытаевтікі

Нұрын сепсе күміс Күн,
Сәуле шашса алтын Ай.
Ленин дана дидары,
Жасар мәңгі жарқырай.

Мүмкін, мұхит суалар,
Мүмкін, терек қуарар.
Бірақ Ленин тіккен ту,
Мәңгі шалқып тұра алар.

Гүл де солар, ағарар,
Тау да тозар, жоғалар.
Бірақ Ленин ұлы ісі,
Мәңгі жасар, жаңарар.

Комсомол

Әні Ж. Байболатовтікі

Комсомол — болат дене,
отты жүрек,
Дауылынан Октябрьдің туған түлеп.
Ұшырған Ленин баулып тұғырынан,
Өсірген Компартия тәрбиелеп. } 2 рет

Майданда батыр болған,
жауды жеңген.
Еңбекте ер атанған,
құрмет көрген.
Даңқты іс,
ерлік жүрек куәсындай,
Туында тұр жарқырап алты орден. } 2 рет

Жастық мерекесі

Әні Ш. Қалдаяқовтікі

Нұрға шомды Қазақстан аспаны,
Жырға толды Алатаудың асқары.
Көкті — нұрға,
жерді — жырға бөлеген —
Отанымның отты жүрек жастары!

Қырманымда — алтын астық ағылған,
Қырларымда — алып завод салынған.
Қырды — кенге,
ойды — дәнге толтырған —
Жастық жігер — жаратылған жалыннан!

Жүзің жарқын — қызыл гүлдей жайнаған,
Үнің тәтті — бұлбұл құстай сайраған.
Мақтанатын, шаттанатын шағың бұл,
Гүлге толсын,
жырға толсын айналаң!

Фестиваль әні

Әні С. Мұхамеджановтікі

Фестиваль! Фестивальдың таңы атты,
Фестиваль ту көтерді, дабыл қақты.
Басталды бірлік, достық мерекесі
Жайнатқан, жадыратқан жастық шақты.

Қайырмасы:

Фестиваль, фестиваль!
Фестивальға біз барамыз.
Достық ән! Достық ән!
Достық жайлы ән саламыз.
Естіп ал! Естіп ал!
Осы әнді кең даламыз.
«Фестиваль! Фестиваль!
Фестиваль!» — деп ән саламыз.

Келеді жарқын жастық жалын атқан,
Даңқымен дүниені дабылдатқан.
Далада — тың көтеріп, мал өсіріп,
Қалада — кен қопарған, өнер тапқан.

Қайырмасы.

Басталды Қазақстан фестивалі!
Шырқалды бейбітшілік, достық әні!
Өнерін көрсін Отан жас қазақтың,
Жырларын жас жүректің есті, кәні!

Қайырмасы.

Партия туралы жыр

Әні Б. Байқадамовтікі

Кенді Орал, алтынды Алтай арасынан,
Ерке Ертіс, еркін Жайық жағасынан,
Жолдаймыз ыстық сәлем, Компартия,
Қазақтың гүл жазира даласынан!

Қайырмасы:

Партия бастаған,
Нұрлы өмірге тамаша,
Барлық адам, барлық жан,
Дейміз оған: — Көп жаса!

Жайнады жаз гүліндей қалам, далам,
Шаттық пен бақыт құшты барлық адам.
Айтамыз сансыз рақмет, Компартия,
Орнатқан Отаныма алтын заман!

Қайырмасы.

Нық ұстап Ленин туын алға бастың,
Өмірге коммунизм нұрын шаштың.
Тілейміз сәтті сапар, Компартия,
Бастай бер арманына адамзаттың!

Қайырмасы.

Жырлаймыз ұлы Ленинді

Әні Е. Жұмабековтікі

Азаттық таң атырған даламызға,
Жақтырған өмір нұрын қаламызға,
Асылы адамзаттың — ұлы Ленин,
Жырлаған сені ата-бабамыз да.

Қайырмасы:

Ерікті еткен елімді,
Көрікті еткен жерімді,
Мәңгі бақи жырлаймыз,
Ұлы көсем — Ленинді!

Бақ берген, байлық берген елімізге,
Сән берген, сәулет берген жерімізге,
Асылы адамзаттың — ұлы Ленин,
Жырлаймыз бар дауыспен сені біз де.

Қайырмасы.

Тіктірген бірлік туын арамызға,
Септірген достық сезім санамызға,
Асылы адамзаттың — ұлы Ленин,
Жырлайды сүйіп сені баламыз да!

Қайырмасы.

Қазақстан — гүлстан

Әні *Ғ. Әбетовтікі*

Қазақстан — кең өлке, ұлан-байтақ,
Нұр құйылған жеріне алтын аймақ.
Койнытолған қазына сарқылмайтын,
Мал мен дәннің ордасы жатқан қайнап.

Қайырмасы

Ерікті өлкем,
Көрікті өлкем,
Күндей құлген Шығыстан —
Қазақстан,
Қазақстан,
Қазақстан — гүлстан!

Қуанышты, бақытты қазақ елі,
Кұндыздай боп құлпырған азат жері,
Октябрьдің шұғыласы нұрға бөлеп,
Соқты желпіп үстінен шаттық желі.

Қайырмасы.

Халықтары бостандық, ерік алған,
Кремльдің нұрынан көрік алған,
Қылышкеспес, оқ өтпес, граниттей,
Шығыстағы бұзылмас берік қорған.

Қайырмасы.

Теңізшілер жсыры

Әні *Л. Хамидидікі*

Ежелден өжет өскен теңізші елім,
Шарлаған талай мұхит, теңіз төрін.
Өр «Варяг», ер «Аврора», батыр «Киров»
Қалдырған бізге ерлік үлгілерін.

Қайырмасы:

Болат білек,
Отты жүрек
Теңізшілер,
қарышта!
Алысқа!

Қас қақпай күзетеміз Отан шебін,
Жат жұртқа бастырмаймыз теңіз төрін.
Алыс жол, асау толқын, жасақты жау —
Бірі де жасқанта алмас совет ерін.

Қайырмасы.

Ежелгі елдің ерлік сақтап салтын,
Кетеріп туымызды аспанға алтын,
Советтің Соғыс-Теңіз Флотының
Жаямыз жер жүзіне ерлік даққын!

Қайырмасы.

Космонавтар маршы

Әні Б. Байқадамовтікі

Алыс Ай,
шалғай Шолпан,
шексіз аспан,
Қозғаған сан қиялды бала жастан.
Адамзат ғасыр бойы етіп арман,
Тудырған талай аңыз, талай дастан.

Қайырмасы:

Қосмонавт,
Қақ қанат,
Самға, самға ғарышқа!
Қосмонавт,
Қақ қанат,
Алға, алға, алысқа!

Күн туды көкте қанат қағатұғын,
Сырына алыс аспан қанатұғын.
Айналып күміс Айды, алтын Күнді,
Игеріп космосты да алатұғын.

Қайырмасы.

Басталды Байқоңырдан ұлы сапар,
Зырлады зымыраңдар қатар-қатар,
Көгілдір галактика арасында,
Сызылып қызыл ерлер ізі жатар.

Қайырмасы.

МАЗМҰНЫ

Бірінші бөлім

КӨҢІЛДІ КЕШ

Шақпағым менің, шақпағым	3
Жиһангез	15
Жақсылық пен жамандық	22
Адалдық пен арамдық	35
Шыт көйлек	47
Ағалық ақыл	59
Жаңа жыл кешінде	67
Бейбітшілік жеңеді	75
Әлімнің әлегі	83

Екінші бөлім

КЕЛ, ЖЫРЛАЙЫҚ

Жас пионерлер жыры. Әні Б. Физатовтікі	102
Бұл — Ленин бабамыз. Әні П. Момыновтікі	103
Оқушы жастар жыры. Әні Б. Байқадамовтікі	104
Кремль жұлдызы. Әні Т. Тайбековтікі	105
Менің Отаным. Әні Ө. Байділдаевтікі	106
Достық жыры. Әні Ә. Еспаевтікі	107
Қыста қызу жұмыс бар. Әні Б. Жұманиязовтікі	108
Бағбан бала. Әні Н. Мендіғалиевтікі	109
Ленин туралы баллада. Әні М. Маңғытаевтікі	110
Комсомол. Әні Ж. Байболатовтікі	111
Жастық мерекесі. Әні Ш. Қалдаяқовтікі	112
Фестиваль әні. Әні С. Мұхамеджановтікі	113
Партия туралы жыр. Әні Б. Байқадамовтікі	114
Жырлаймыз ұлы Ленинді. Әні Е. Жұмабаевтікі	115
Қазақстан — гүлстан. Әні Ғ. Әбетовтікі	116
Теңізшілер жыры. Әні Л. Хамидидікі	117
Космонавтар маршы. Әні Б. Байқадамовтікі	118

Буркут Искаков

ПРОДЕЛКИ АЛИМА

Пьесы, песни для школьной
художественной самодеятельности

*(На казахском языке)**

Рецензенты *Ж. Бимендин, С. Оспанов*
Редакторы *Х. Талгаров, А. Рамазанова*
Художник *А. Тленшиев*
Худ. редактор *Ж. Болатов*
Тех. редактор *Ж. Карбозова*
Корректор *К. Аймакина*

ИБ № 500

Терімге 9.03.87 тапсырылды. Басылуға 22.07.87 қол қойылды.
УГ18163. Форматы 70×90¹/₃₂. Шартты 4,39 баспа табақ. Есепті
4,04 баспа табақ. Шартты 4,68 баспа табақ, түсті оттиск.
Типографиялық қағаз № 1. Шығыңқы басылыс. Қаріп түрі
«Әдеби». Тиражы 5000 дана. Заказ 3473. Бағасы 20 тиын.

Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жө-
ніндегі Мемлекеттік комитетінің «Өнер» баспасы, 480124, Ал-
маты қаласы, Абай проспектісі, 143-үй.

Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жө-
ніндегі Мемлекеттік комитеті «КІТАП» полиграфиялық кәсіп-
орындар өндірістік бірлестігінің билет-бланк және жедел
өнімдер баспаханасы, 480016, Алматы қаласы, Карл Маркс
көшесі, 15/1-үй.

20 т.

